



## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫ – ГЕОСАЯСИ ЖОБА ЕМЕС



Түркі мемлекеттері басшылары арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынастың тарихы 1992 жылдан басталғанымен, оның ресми түрде Түркі мемлекеттері ұйымы деп атала бастағанына биыл 5 жыл толады. Түркі мемлекеттері ұйымы 2024 жылдан бастап дәстүрлі түрде жыл сайын ресми және бейресми саммиттерін қатар ұйымдастырып келе жатыр. Бұл жағдайға сарапшылар түрлі болжамдар жасап, оны болашақта аймақтағы геосаяси ахуалға ықпал ететін аса қуатты саяси ұйым ретінде қарай бастады.

(Жалғасы 2,3-беттерде)

## МІНБЕР

# ХАЛЫҚ КЕҢЕСІНЕН НЕ КҮТЕМІЗ?

Қазақстанда жаңа Конституция негізінде қалыптасатын жаңа саяси жүйенің құқықтық негіздері жасалуда. Өткен жұмада Парламент Палаталарының бірлескен отырысында депутаттар «Қазақстан Халық Кеңесі туралы» Конституциялық заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Алқалы жиынға Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов төрағалық етті. Депутаттар қарап, талқылаған бұл құжат 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум арқылы қабылданған жаңа Конституцияны іске асыру мақсатында әзірленді.

Заң жобасы қоғам мен билік арасындағы байланысты жаңа деңгейге шығаруды көздейді. Басты жаңалық – халық мүддесін білдіретін жаңа консультативтік орган – Қазақстан Халық Кеңесінің құрылуы. Бірлескен отырыста заң жобасын таныстырған Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев жаңартылған конституциялық модельдің негізінде адам, оның құқықтары мен бостандықтары тұрғанын мәлімдеді. Министрдің айтуынша, жаңа Конституция қоғамның мемлекеттік шешім қабылдау процесіне қатысу мүмкіндігін кеңейтті. Ал Қазақстан Халық Кеңесі – осы өзгерістердің нақты көрінісі. Жоғарғы консультативтік орган – Қазақстан Халық Кеңесінің құрылуы осының айқын дәлелі. Жаңа институт халық мүдделерін білдіруге және азаматтардың мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу тетіктерін күшейтуге бағытталған.

Заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасаған Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров бұл бастаманың тарихи әрі саяси маңызына тоқталды. Депутат Қазақстан Халық Кеңесін қазақтың ежелгі дала демократиясының бүгінгі заманға бейімделген үлгісі ретінде сипаттады. Бұл орайда ол:

– Қасым ханның Қасқа жолында «Абыз бол-

сын, Абызды сыйлайтын халық болсын» деген қағида болған. Қазақстан Халық Кеңесі – бүгінгі заманғы Ұлт абыздары институты, – деді.

Саиров мырзаның айтуынша, жаңа орган ұлттық саяси-рухани кодты жаңғыртуға қызмет етеді. Бұл – мыңдаған жылдық дала демократиясының заманауи саяси институттары арқылы қайта жаңғыруы.

Заң жобасына сәйкес, Қазақстан Халық Кеңесі жоғары конституциялық консультативтік орган мәртебесіне ие болады. Құжат үш тараудан және 23 баптан тұрады. Жаңа құрылымға бірнеше маңызды өкілеттік беру көзделген. Атап айтқанда, ішкі саясаттың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлеу, заң жобаларын Құрылтайға енгізу, республикалық референдум өткізу туралы бастама көтеру. Мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы диалогты қамтамасыз ету. Қазақстан Халық Кеңесі сессия және төралқа форматында жұмыс істейді. Сессия кемінде жылына бір рет шақырылады. Сонымен қатар комитеттер, комиссиялар және жұмыс топтарын құру мүмкіндігі қарастырылған. Оған қоғамның түрлі тобы қамтылады.

(Жалғасы 4-бетте)

## 31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАҢДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

Соңғы жылдары Қазақстанда орын алған «архивтік революцияға» пара-пар саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша мемлекеттік комиссия қызметі ауқымында жарыққа шыққан құпиясызданған құжаттар бұрын айтылмай келген бірқатар келелі тақырыптарға сөйле түсірді. Құжаттарға қол жетпейі салдарынан туындаған сансыз тарихи мифтердің астарын айқындау арқылы Жетісудің қоғамдық-саяси даму тарихында орны бар қайраткер тұлғалардың ғұмырнамасы ғана емес, тұтас империяны қамтыған алапат саяси құдалау құйынында құрбан болған қарапайым адамдардың өміріне, қызметіне қатысты деректер толықта.

# ЖАППАЙ ЖАЗАЛАУ НАУҚАНЫНЫҢ ЖЕТІСУДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУ МЕХАНИЗМІ

Қазақстандағы жаппай жазалау науқаны қарсаңында 1929–1930 жылдарда БК(б)П мүшелерін, жергілікті басқару аппаратын, қызметкерлерді жаппай тазарту науқаны жүргізілді. 1929 жылдың 16 тамызында құрамында Алманов, Дроздов және Ақтанов бар Қарқара аудандық партия ұйымы тазарту бойынша Алматы округтік комиссиясы Шырғанақ ұйымы қызметкерлерін тексерген. 1926 жылдың 25 сәуірінен БК(б)П мүшелігіне кандидат Нұрбек Балабековтың ісі қаралады. Тазарту комиссиясы хаттамасында 1920 жылы алты айлық мұғалімдер дайындау курсына білім алған Н.Балабеков 1921 жылдан бері білім беру саласында қызмет атқарғаны айтылған. Тазарту комиссиясы аясында берген жауаптарында Нұрбек Балабеков өз әкесінің кедей болғанын, 17 жасқа дейін әкесінің қасында болғанын, 1916 жылы Қытайға қашып, 1917 жылы оралғанын, 1917–1920 жылдар аралығында жалдамалы жұмыспен күнелткенін көрсеткен. Нұрбек Балабеков мұғалім Қапез Байғабұлұлымен бірге 1920 жылы Алматыда ұйымдастырылған педагогикалық курста оқып, 1921 жылдан мұғалімдік қызметке кіріскен.

Алматы облыстық мемлекеттік архивінің №564

Алматы округтік жұмысшы-шаруа инспекциясы қорының №1 тізіміндегі № 88 «Алматы округі Қарқара ауданындағы аппарат, жұмысшы және қызметкерлерді тазарту бойынша мәжілістер протоколдары мен материалдары» аталатын 1930 жылды қамтитын істе Қапез Байғабұлұлының партиялық тазалануы өтуі бойынша деректер сақталған.

Қарқара ауданы бойынша қызметкерлерді тазалау комиссиясына Айжан Түркебаев төрағалық жасаған. Қарқара ауданы бойынша қызметкерлерді тазарту комиссиясы қызметінің құжаттарында ауданда қызмет атқарған тұлғаларға қатысты бірқатар тың деректер кездеседі. Тазарту науқанының мәнісі партия мүшелерінің, кандидаттардың, комсомол ұйымы (БЛКЖО) мүшелерінің өмірбаянындағы ресми саясатқа сәйкеспейтін деректерді жариялау тазаланушы тұлғаның өткір сұрақтарға жауап беруімен ерекшеленген. Қапез Байғабұлұлына да сондай сұрақтар қойылған. Сұрақтардың бір бөлігі Қапездің 1916 жылдан кейін Қытайға өтіп кетуіне қатысты болған. Қазақстанның оңтүстік-шығыс аумағындағы жергілікті Батыс Қытайға эмиграция үдерісінің шарпуы көпшілікті қамтығаны белгілі.

(Жалғасы 5-бетте)

4-БЕТ



Заң мұғалімдердің жұмыс тәртібін өзгертеді

6-БЕТ



«Адамға табын, жер енді...»

8-БЕТ



ҚАРМАҚ

**БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ**

# ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫ – ГЕОСАЯСИ ЖОБА ЕМЕС



(Соңы. Басы 1-бетте)

Тіпті Түркі мемлекеттері ұйымының келешекте әскери одаққа айналу мүмкіндігіне болжам жасаушылар да көбеймесе, азаяр емес. Көпшілікті мазалаған бұл сұрақ Түркістандағы Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммитінде сөз болды. Онда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Соңғы кезде ұйымымызды әскери альянс ретінде сипаттайтын ой-пікірлер айтылып жүр. Олардың теріс пейілі бізге анық, мақсаттары – елестіру емес екені де белгілі. Қазақстан ондай ұстанымды жоққа шығару керек деп санайды. Біз үшін түркі әлемінің бірлігін нығайту аса маңызды, кезек күттірмейтін басымдық. Түркі мемлекеттері ұйымы – геосаяси жоба емес, әскери ұйым да емес. Бұл – бауырлас елдердің сауда-экономикалық, жоғары технологиялық, цифрлық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығын нығайтатын бірегей алаң. Мұндай ұстаным еліміз үшін – маңызды басымдық, себебі, бұл ұлттық мүдде тұрғысынан да тиімді екені анық. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген аталы сөз – бәрімізге ортақ. Түркі әлемі әрдайым тату болып, алға қойған мақсатынан ауытқымай, бірлесіп дами беруі керек. Сондықтан бүгінгі басқосу тамыры бір, тарихы ортақ елдеріміздің ауызбіршілігін арттыра түсері сөзсіз», – деді.

Яғни, бұл бағыттағы Қазақстанның ұстанымы айқын. Еліміз Түркі мемлекеттері ұйымын жан-жақты дамытуға мүдделі екенін білдіре отырып, халықаралық қауымдастық сенім білдіріп отырған бұл ұйымның абырой-беделін одан ары арттыруға бағытталған бірқатар нақты ұсыныстарды қолдайды.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан Ресейдің «Алтай – түркі өркениетінің бесігі» жобасына оң көзқарасын білдіріп, «Алтай сұхбат алаңы (диалогы)» форумын құру жөніндегі ұсынысын жариялады. Сондай-ақ Түркияның ынтымақтастық аясын кеңейтуге бағытталған «Түркі мемлекеттері ұйымы +» форматын құру бастамасын да қолдады.

## «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді»

Түркістандағы бейресми саммит жақын арада ұйымның атауында ешқандай жаңа өзгерістер болмайтынын ашық аңғартты. Бұл ең алдымен қазіргідей халықаралық геосаяси ахуал аса күрделі және құбылмалы дәуірде ең ұтымды шешім болып отыр. Әлемдік және аймақтық деңгейдегі бәсеке күшейіп, қарулы қақтығыстар мен соғыстар толастамай тұрған алмағайып кезеңде түркі мемлекеттерінің ауызбіршілікте болуы – өте маңызды. ҚР Президентінің сөзіне қарағанда оның басты себебі халыққа ортақ сан ғасырлық шежіреміз. Қазіргі таңда түркі елдері заман талабын ескеріп, экономика және инвестиция

саласындағы ықпалдылықты нығайтып, ортақ мүдде жолында күш жұмылдыруға тиіс.

«Қазір бүкіл әлем бұрын-соңды болмаған өзгерістермен бетпе-бет келуде. Жаңа сын-қатерлер пайда болды. Дүние жүзінде технологиялық бәсеке күшейді, яғни, инновациялық тұрғыдан озық ел болу мақсаты алдыңғы қатарға шықты. Технологиялық даму кез келген мемлекеттегі тұрақтылық пен қауіпсіздік факторына айналды. Бұл – цифрлық трансформацияға дер кезінде бет бұрған елдер көш соңында қалмайды деген сөз. Сондықтан Түркі кеңесіне мүше мемлекеттер технологиялық жаңғыру үдерісінен тыс қалмауы үшін бірлесіп жұмыс істеуі керек деп санаймыз. Жасанды интеллект пен цифрландыру үдерісі түркі әлемінің дамуына жол ашуға тиіс», – деген Қасым-Жомарт Тоқаев бейресми саммиттің не үшін «Жасанды интеллект және цифрлық даму» мәселесіне арналып отырғанына кеңірек тоқталып

өтті. Сондай-ақ бірқатар нақты ұсыныстарын ұсынды.

Біріншісі, сауда-экономика саласы бойынша ұйымға мүше елдер арасында электрондық құжаттар мен цифрлық қолтаңбаны өзара тануға қатысты жұмысты бірлесіп жүргізу болды. Екіншісі, түркі мемлекеттерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін негізгі фактордың бірі ретінде ғарыш саласын дамыту. Үшіншісі, Түркі елдерінің жасанды интеллект орталықтарының желісін құру. Төртіншісі, Түркі кеңесіне мүше мемлекеттердің IT хабтарының бірлескен орталығын ашу. Бесіншісі, түркі халықтарының тарихи-мәдени мұрасын сақтау және дәріптеу ісіне құқықтық негіз болатын Түркі өркениетінің мұрасын сақтау жөніндегі конвенция жобасын пысықтау. Алтыншысы, жасанды интеллект негізінде түркі халықтарының тарихы мен мәдениетіне қатысты материалдарды жинақтайтын арнайы цифрлық платформа құру жөніндегі жұмысты жандандыру. Жетіншісі, дүйім жұрт іргетасын қалау рәсіміне куә болған Түркістан қаласында Түркі өркениеті орталығын құру. Бұған қоса, Астанада Дала өркениетін дәріптеуге арналған арнайы орталық құру да жоспарланып отыр. Келесі маңызды мәселе – Мемлекетаралық терминологиялық комиссия құруға қатысты болды.

## Елестірімек – елшіден

Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммитін ұйымдастырушы елдің басшысынан кейін бірінші боп сөз алған Түркі кеңесінің қазіргі төрағасы, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев: «Бұл менің Қазақстанға 5 жыл ішіндегі сегізінші сапарым.



## Сіз не дейсіз?

**Сайын БОРБАСОВ, саяси ғылымдар докторы:**

– Түркі ынтымақтастығы, Тұран идеясы біртіндеп шындыққа айналып келе жатыр. Басында мен де түркі мемлекеттерінің бірлігіне күмәнмен қараған өдім. Алайда әлемдегі кейінгі өзгерістер түркі мемлекеттерін еріксіз бірізуге әкелді. Енді мәдени қарым-қатынастар біртіндеп саяси қатынастарға ұласады деген үміт бар. Әсіресе Орталық Азиядағы түркі халықтары бірлігінің қажеттілігін сезініп тұр. Өйткені түркі мемлекеттері бірікпесе, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кететін түрі бар. Себебі алпауыт мемлекеттер халықаралық құқық, басқа мемлекеттердің тәуелсіздігін сыйлау дегенді жиып қойған сияқты. АҚШ пен Ресейдің істеп отырған тірлігі соның дәлелі. Тек қана Еуропа Одағы елдері ғана ешкімге тиіспей отыр. Сондықтан міндетті түрде түркі мемлекеттері бірігуі керек. Түркі мемлекеттері ұйымының күшеюіне бізден басқа ешкім мүдделі емес. Егер Еуро Одақты протестантизм, христиан мәдениетінің ортақтығы біріктірсе, бізде ортақ түркілік мәдениет бар. Біз соның негізінде бірігуіміз керек. Сол себепті Түркі әскери одағы болашақтың ісі. Соңғы жылдары Түркі мемлекеттері ұйымы жиындарының жиі өте бастағаны олардың ортақ мәселелерді шешуге деген ықыласының артқанын көрсетеді. Ресми және бейресми саммиттің көп болғаны жақсы.



## ОҢ ҚАДАМ

Алматы қаласы мәслихатының Ақзектен тыс XIV сессиясы өтті. Мәслихат төрағасы Мейіржан Отыншиев Қазақстан тарихында ерекше орын алатын оқиғалармен тағдыры тығыз байланысты азаматтарға қолдау көрсету мен оларға тұрақты назар аударудың маңызын атап өтті.

Сессияда қабылданған негізгі шешімдердің бірі 1986 жылы Желтоқсан оқиғасына қатысып, кейін ақталған азаматтарға берілетін біржолғы әлеуметтік көмектің мөлшеріне қатысты болды. Ол енді 250 мың теңгеден 400 мың теңгеге дейін ұлғайтылады. Бұл төлем Желтоқсан оқиғасының 40 жылдығы қарсаңында қала әкімі Дархан Сатыбалдының бастамасымен көбейтілді. Қолдау шарасы 800-дей азаматты қамтиды деп жоспарланып отыр.

Сессияда депутаттар әлеуметтік көмекке мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына қолдау көрсету тәртібін реттейтін мәслихат шешіміне енгізілетін өзгерістерді қарады. Жоба Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру аясында және халықты әлеуметтік қолдау шараларының атаулылығы мен тиімділігін арттыруға, сондай-ақ оларды біріздендіруге бағытталған ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес әзірленген.

# ЖЕЛТОҚСАНДЫҚТАРҒА БЕРІЛЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІҢ МӨЛШЕРІ КӨБЕЙТІЛМЕК



Өзгерістер қолданыстағы әлеуметтік көмек тетіктерін бірыңғай республикалық тәсілдерге сәйкестендіруге және халықты қолдау жүйесін жетілдіруге бағытталған. Атап айтқанда, мемлекеттік қолдаудың қолданыстағы тетіктерін ескере отырып, әлеуметтік көмектің жекелеген түрлерін жаңарту көзделген. Бұл тұрғын үйлерге газ тартуға, көпбалалы отбасылардан шыққан үздік сту-

денттерді қолдауға, табыс деңгейі ескерілмейтін кейбір төлемдерге, бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан азаматтарды қолдауға, сондай-ақ көпбалалы отбасыларға арналған тұрғынүй сертификаттарына қатысты. Аталған қолдау шаралары басқа мемлекеттік бағдарламалар мен әлеуметтік қолдау құралдары аясында сақталады.

Бұдан бөлек, сессия барысында ведомстволарлық комиссиялар мен штабтардың құрамын жаңартуға қатысты мәслихаттың бірқатар шешіміне өзгерістер енгізу мәселесі қаралды. Бұл өзгерістер мемлекеттік органдар арасындағы үйлестіруді күшейтуге, сондай-ақ құқықбұзушылықтардың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа, есірткі қылмысына және терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелеріне мәслихат депутаттарының, аудан әкімдіктері мен жауапты құрылымдардың қатысуын кеңейтуге бағытталған.

Онда сондай-ақ, Алматы қаласы бойынша Тексеру комиссиясының мүшесін тағайындауға және «AMANAT» партиясынан сайланған Алматы қаласы мәслихатының депутаты Игорь Проценконың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға қатысты кадрлық мәселелер де қаралды.

**Е.ЕРЖАНҰЛЫ,**  
«Заң газеті»

Өз кезегінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Әзербайжанға 6 рет сапар жасады. 4 жыл бұрын қол қойылған бірлескен декларация біздің қарым-қатынасымызды одақтастық деңгейге дейін көтерді», – деді.

Оның айтуынша, цифрлық даму саласында түркі мемлекеттерімен ынтымақтастық табысты жалғасып жатыр. Еуропа мен Азияны байланыстыратын Цифрлық Жібек Жолы жобасы жүзеге асырылуда. Алдағы айларда осы жобаның бір бөлігі ретінде Әзербайжан мен Қазақстанның арасында Транскаспий талшықты оптикалық кабель желісі іске асырылады деп жоспарлануда. Көлік саласындағы ынтымақтастығымыз да кеңейіп жатыр.

Қазіргі жаһандық геосаяси жағдайда Орта дәліздің (Қытайды, Орталық Азияны және Еуропаны Каспий теңізі арқылы байланыстыратын Транскаспий халықаралық көлік бағыты) маңызы бұрынғыдан да арта түсті. Іске асырылып жатқан Зангезур дәлізі Орта дәліздің негізгі буындарының біріне айналды. Орта дәліз бойындағы кедендік рәсімдер жеңілдетілуде. ТМҰ аясында әзірленген «E-permit» жүйесі электрондық құжаттарды жедел түрде беруді қамтамасыз етеді. Біздің ортақ



әлемінде ықпалымызды арттырып, үнімізді күшейту үшін, әсіресе технология саласында ынтымақтастығымызды барынша көтеруге керек. Осы тұрғыда саммитіміздің «Жасанды интелект және цифрлық даму» тақырыбымен өткізілуі аса өзекті және уақытылы шешім деп санаймын. Болашақты айқындау жолында цифрлану арқылы дамыған түркі әлемі тұжырымдамасын ортақ бағдар ретінде қабылдауымыз айрықша маңызды. Біз цифрлық көзқарасты бірлік ұғымына қосудың уақыты келді деп есептейміз. Бұл көзқарас білікті адами капитал, қуатты цифрлық инфрақұрылымға және деректерге негізделген мемлекеттік басқару қағида-тәртібіне сүйене отырып құрылуы, сондай-ақ ағартушылық цифрлық өзара байланысты нығайтуға қажет. Елдеріміз арасында ортақ технологиялық жобаларды дамыту сөзсіз осы көзқарасты ілгерілетуге ықпал ететін болады. Біз цифрлық трансформация үдерісінен кейін тәуелсіздігімізге қауіп төндіретін факторға айналуы мүмкін екенін жақсы түсінеміз. Сонымен қатар ЖИ-дің жаһандық деңгейдегі үстемдік құралына айналуына жол бермеу үшін өте дұрыс ұстаныммен оның мүмкіндігін толыққанды қолдануымыз ке-

## Сіз не дейсіз?



**Мақпал АҢЛАМАСОВА, Қожа Ахмет Ясауи атындағы қазақ-түрік университетінің Халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі:**

– Түркі мемлекеттері ұйымының 1992 жылдан бергі даму жолына қарайтын болсақ оның әлі ұйым ретінде қалыптасып келе жатқанын

көреміз. Бұл жерде геосаяси факторларды да ескерген жөн. Оған әлі де сыртқы ықпал басым. Түркі мемлекеттері ұйымы институционалдық негізде 2009 жылдан бастап қана қалыптаса бастады. Ал 2021 жылы Кеңестен, Түркі мемлекеттері ұйымына айналды. Сыртқы фактор деген кезде Қытайдың көлік-логистика жүйесінде Орта дәлізді жасау үшін Түркі мемлекеттерін қолдауы ашық түрде өзінің позициясын білдірмесе де, Ресей үшін үлкен қауіп боп көрінеді. Сондықтан Орта дәліз дұрыс бағытта деп айта аламыз. Біз бірінші мәдени, экономикалық бағыттарды дамыту арқылы өзіміздің геосаяси әлеуетімізді көрсетіп, саяси ұйым құруға кезең-кезеңімен келе жатырмыз. Әлемдік дүрбелең кезінде Орта дәліздегі бейбіт елдер арқылы тауар тасымалдау Еуропаға да, Қытайға да маңызды. Өйткені солтүстік көлік дәлізі қазір өзінің өзектілігін жоғалтты. Теңіз жолында да қазір дүрбелең бар.

Кейбір сарапшылар айтып жатқан ТМҰ-ның Әскери одағы құрылуы үшін біз өзге аймақтық ұйымдардан шығуымыз керек. Өйткені ондағы өз жауапкершілігіміз бар. Сондықтан серіктес ретінде ғана қазір өзге елдермен тәжірибе алмасуымыз мүмкін. Мәселен Әзбекстан Түркияның қорғаныс жүйесіне көшеміз деген кезде Ресей оған өз наразылығын білдірді. Есіңізде болса кезінде Түркия қару-жарағын аламыз деген кезде бізге де білдірген. Украинамен арадағы соғыстан кейін Ресейдің батыс елдерінің озық технологияларына қолжетімділігі шектелді. Мұндай жағдайда, әрине, ресейлік қару-жараққа

тәуелді болуға болмайды. Түркия да НАТО мүшесі болғанымен Ф-34 ұшағы оқиғасынан кейін өз өндірісіне көңіл бөле бастады. Осыған қарамастан ТМҰ-да қазір Әскери одақ құру мүмкіндігі өте төмен.

**Әлия ҚАСЫМБЕК, Қожа Ахмет Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті Заң факультетінің деканы:**

– Түркі мемлекеттері ұйымы толыққанды саяси ұйым ретінде қалыптасып болды деуге әлі ерте. Оны Мемлекет басшысы бейресми саммитте сөйлеген сөзінде де ашық айтты. Дегенмен ұйымның 2040 жылға дейінгі стратегиясының қабылдануы оның саяси ұйым ретінде қалыптасуға жасаған нақты әрекеті деп айта аламын. Түркі мемлекеттері ұйымы қазір мәдениет пен экономикамен қатар технологиялық бағытқа қарай бет бұрып жатқан заманауи ұйым болып отыр.

Түркі мемлекеттері ұйымының 2022–2026 жылдарға арналған алғашқы бесжылдық қызметі жемісті болды деуге болады. Енді оның екінші бесжылдық стратегиясы жасалып жатыр. Ол менің ойымша енді құқықтық алаң қалыптастыруға бағытталуы керек. Өйткені жасанды интеллекттің екі жағы бар. Ол бір жағынан қарқынды дамуға беріліп отырған мүмкіндік болса, екінші жағы адамның құқығы мен бостандығына қатысты дүниелер.

Жалпы, Түркі мемлекеттері ұйымына кіретін елдердің құқықтық жүйелері бір. Олардың барлығы романа-германдық құқықтық жүйедегі мемлекеттер. Біздің басқару жүйемізде ұқсастықтар көп. Себебі біздегі құқықтың ең негізгі қайнар көзі – Конституция. Сондықтан ТүрПА, Түрік академиясы секілді Түрік мемлекеттері ұйымының құқықтық мектебінің бірлестігі құрылуы мүмкін. Біз оны 2025 жылы бірінші боп көтердік.



отбасымыз саналатын Түркі әлемі XXI ғасырдан ықпалды геосаяси күш орталықтарының біріне айналуы тиіс.

«Бүгінгі кездесуіміз әлемнің әртүрлі аймақтарында шиеленіс күшейіп отырған кезде өтіп жатыр. Халықаралық қатынастарда сенім тапшылығы артып, жаһандық институттардың рөлі мен ықпалы біртіндеп әлсіреуде. Бұл мәселелер бізден өзара диалогты белсендіруді және маңызды мәселелер бойынша келісілген ұстанымдарды қалыптастыруды талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда Түркі әлемінің интеграциясы халықтың тағдырына тікелей қатысты ұзақмерзімді стратегиялық мәселе. Соңғы жылдары Түркі мемлекеттері ұйымы тұрақты даму қарқынын демонстрациялайтын ықпалды құрылымға айналды. Мәселен, 2025 жылы елдеріміздің жиынтық экономикалық әлеуеті 2,4 триллион доллардан асты», – деген Әзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев Түркі мемлекеттері ұйымы мүшелерімен арадағы сауда-саттықтың тұрақты өсіп жатқанын атап өтті.

«Қадірлі бауырларым, болашақ

рек», – деген Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоған Түркі мемлекеттері ұйымының келесі төрағасы ретіндегі өз жоспарымен де бөлісті.

Оның айтуынша, Түркия Түркі мемлекеттері ұйымы аясында киберқауіпсіздікті нығайтуды, үйлестіруді жаңа деңгейге көтеруді мақсат етіп отыр. Осы уақытқа дейін мәдени салада қолжеткізген жетістіктері түркі интеграциясының басты тіректерінің біріне айналды. Палестина, Ливан, Иран, Украина және басқа да көптеген дағдарыстар қорғаныс әлеуетімізді нығайтып, өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастығымызды күшейтудің қажеттігін аңғартады. Түркия жоғары технологияларға негізделген өз тәжірибесімен бөлісуге, соның ішінде қорғаныс саласындағы тәжірибесімен бөлісуге әзір. Сонымен қатар Түркі мемлекеттері ұйымы аясында қорғаныс өнеркәсібі мен мекемелерінің кездесулеріне ерекше басымдық бергелі отыр.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**  
«Заң газеті»

## ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ

# ӘРПК: МАҚСАТЫ МЕН ҚАФИДАТТАРЫ

Әкімшілік әділет институтының қолданысқа енгізілуіне 5 жыл болды. Осы жылдар ішінде жаңа институтты жолға қою бағытында үлкен ізденістер, ауқымды жұмыстар қолға алынды. Алдына биік мақсат қойып, нақты қағидаға негізделген бұл институттың бүгінде халық көңілінен шыққаны талассыз.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің дайындалып, әкімшілік соттардың құрылуы халықтың пікірі мен тілегінен туындағаны белгілі. Қарапайым жұртшылықтың ұсынысына назар аударған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев құзырлы органдарға тапсырма беріп, жария-құқықтық дауларды сапалы шешуді заңды тұрғыда реттеп, оңтайлы механизмін жасауды тапсырған болатын.

Әкімшілік әділет институтының негізін жасауда өркениетті елдердегі өлшемдер бағдар

етілді. Заңнамалар сарапталып, басымдықтар белгіленді. Осындай терең ізденіс, тыңғылықты дайындық нәтижесінде әкімшілік соттар қоғамнан лайықты орын алып, өзіне жүктелген мақсат-межеден табыла білді. Мұны бүгінгі сот тәжірибесінен айқын байқауға болады.

Біріншіден, әкімшілік әділеттің негізгі мақсаты жария-құқықтық даулардағы азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы теңгерімді қалыптастырып, халықтың сот төрелігіне деген сенімін нығайту еді.

Жаңа институтқа жүгінетіндер санының жыл санап артуы бұл мақсаттың орындалғанының нақты көрінісі.

Екіншіден, бұл институттың енгізуіне азаматтардың өз құқығын дәлелдеуін жеңілдету принципі көзделген болатын. «Соттың белсенді рөлі» мен мемлекеттік органдардың кінәлілік презумпциясының енгізілуі жеке және заңды тұлғалардың сотқа қиындықсыз жүгінуін қоймай, жеңіске жетуіне айтарлықтай ықпал етті. Соның арқасында судья өзінің белсен-



**Әлия МЕНЛИБАЕВА,**  
Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

ді рөлін пайдаланып тараптар ұсынған материалдармен шектеліп қалмады. Егер істі дұрыс шешу үшін мәліметтер жетіспе-се, ол өз бастамасымен қосымша

құжаттар, сараптамалар және дәлелдемелер сұрату құқығын пайдаланды. Сондай-ақ судья тараптарға өз позициясын қайта тараптарға өз бітімгершілікпен шешуге көмектеседі.

Үшіншіден, әкімшілік әділет институтының батыл принциптерінің арқасында мемлекеттік органдардың жауаптылығы артты. Себебі бүгінде азаматтар мемлекеттік органның әрекетімен келіспей сотқа жүгінсе, іс «мемлекеттік органның кінәлілік презумпциясы» арқылы қаралады. Яғни, жария-құқықтық дауларда қазір жеке тұлғалар емес, өз әрекетінің заңдылығын дәлелдеу міндеті мемлекеттік орган немесе лауазымды тұлғаға жүктелген. Осылайша әкімшілік әділеттің арқасында мемлекеттік органдар жұмысының сапасы артып және мемлекеттік қызметшілердің жауаптылығы нығайып келеді.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің жаңашылдығы аз емес. Айталық, кодексте соттың заңды талабын орындамағаны үшін ақшалай өндіріп алу шарасы дәйектелген. Бұл мемлекеттік органдардың тәртібіне және әкімшілік

актілердің уақытылы орындалуына ықпал етеді. Тағы бір артықшылық әкімшілік қалау институты болып табылады. Сот оның бар-жоғын тексереді және белсенді рөлі шеңберінде дауды реттеудің жолдарын, оның ішінде талап қоюды кері қайтаруды немесе келісімге қол жеткізуді ұсына алады. Осы маңызды жаңалықтың қатарына татуластыру рәсімдерін қосуға болады.

Бес жылдың ішінде азаматтардың сотқа деген сенімін нығайтып, мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыруға ықпал еткен әкімшілік әділетті алдағы уақытта жаңғырту, жетілдіру кезек күттірмейді. Әкімшілік әділет мемлекеттік органдармен арадағы дауларда азаматтардың құқықтарын қорғаудың тиімді құралы және заңнамалық тұрақтылықты қамтамасыз етудің тетігі ретінде дами берері сөзсіз. Алдағы уақытта сотқа дейінгі рәсімдерді одан әрі ретке келтіру, құқық қолдану практикасын жетілдіру, мемлекеттік органдардың құқықтық мәдениеті мен тәртібін нығайту міндеті тұр.

МИНБЕР

# ХАЛЫҚ КЕҢЕСІНЕН НЕ КҮТЕМІЗ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жаңа құжатта Қазақстан Халық Кеңесінің құрамын қалыптастыру тәртібі де нақты жазылған. Кеңеске ұлттық мәдени орталықтардың, қоғамдық ұйымдардың, мәслихаттар мен қоғамдық кеңестердің өкілдері тең дәрежеде қатысады. Әр бағыттан 42 адамнан ұсынылады. Мүшелердің өкілеттік мерзімі төрт жылдан болады. Сонымен бірге олардың құқықтарын, міндеттері мен өкілеттіктерін тоқтату тәртібі де заң аясында реттелмек.

Заң жобасын қолдап сөйлеген депутат Наталья Дементьева Қазақстан Халық Кеңесі қоғам мен билік арасындағы ашық диалог алаңына айналуы тиіс екенін айтты.

– Бұл – формалды орган емес, мемлекеттік үдерістерге нақты ықпал ете алатын алаң, – деді депутат. Оның айтуынша, қоғамдық тыңдаулар мен консультациялар өткізу арқылы азаматтардың, сарапшылардың және азаматтық қоғам өкілдерінің пікірлері ескерілетін болады.

Парламент палаталары заң жобасын талқылау үшін бірлескен комиссия құрды. Оның құрамына Мәжіліс депутаттары Ерлан Саиров, Аманжол Әлтай, Наталья Дементьева және Сенат депутаттары Нұртөре Жүсіп, Нурия Ниязова, Алишер Сатвалдиев кірді. Комиссия төрағасы болып Нұртөре Жүсіп сайланды. Осылайша, Қазақстанда жаңа Конституция аясындағы саяси реформалар нақты институционалды сипат ала бастады. Билік Қазақстан Халық Кеңесі қоғамның мемлекет ісіне араласуын күшейтіп, халық пен билік арасындағы сенімді арттырады деп күтеді. Ендігі басты мәселе – жаңа органның шын мәнінде ашық пікір алаңына айналып, қоғам үнін билікке жеткізе алатын тиімді құрылым бола алуында.

А. ТҮРМАҒАНБЕТОВА,  
«Заң газеті»

МЕЖЕ

# АЛМАТЫ ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҒЫНДА ЖАҢА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ АШЫЛДЫ

2025 жылдың қорытындысы бойынша Алматыда жалпы инвестиция көлемі 476,9 млрд теңге болатын 28 инвестициялық жоба жүзеге асырылыпты. Бұл туралы қалалық Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы мәлімдеді.



Жаңа жобалар өңдеу өнеркәсібі, туризм, денсаулық сақтау, көлік және логистика салаларында іске асырылып, нәтижесінде 6,7 мыңнан астам жұмыс орны құрылған. Ең үлкен үлесті жалпы инвестиция көлемі 440,5 млрд теңге болатын алты ірі жоба қосқан. Оларды жүзеге асыру өндірістік қуатты кеңейтуге, қаланың өнеркәсіптік әлеуетін нығайтуға және өндірісті жергіліктендіру мүмкіндіктерін арттыруға мүмкіндік береді.

2026 жылы инвестиция тарту жұмыстары жалғасады. Негізгі басымдықтар – жоғары технологиялық өндірістерді дамыту, импорт алмастыру және индустриялық инфрақұрылымды кеңейту. Маңызды жобалардың бірі – «Алатау» АЭА аумағындағы Viva Pharm компаниясының толық циклді фармацевтикалық зауыты болып отыр. Кәсіпорынның өндірістік қуаты жылына 200 млн таблеткаға дейін жетеді. Алматы индустриялық аймағында Sara Industry Group компаниясы автоклавты жеңіл бетон шығаратын зауыт салу жобасын жүзеге асыруда. Кәсіпорын жылына 50 мың текше метр қабырғалық панель және 150 мың текше метр газоблок өндіреді. CA-International компаниясы жылына 4 мың тоннадан астам өнім шығаратын поливинилхлорид (ПВХ) парақтарын өндіруді бастайды. Сонымен қатар, NARPRINT компаниясы тұрмыстық қағаз өнімдері мен жапсырма өнімдерін өндіруді іске қосады. Жоспарланған өндіріс көлемі – жылына шамамен 830 тонна. Басқарма мәліметінше, жаңа өндірістерді іске қосу қосымша жұмыс орындарын

ашуға, қаланың өнеркәсіптік базасын кеңейтуге және Алматының инвестициялық тартымдылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Сарапшылардың пікірінше, Алматыда өндірістік жобалардың көбеюі қаланың тек сауда және қаржы орталығы емес, сонымен қатар индустриялық бағыттағы мегаполис ретінде дамып келе жатқанын көрсетеді. Экономистер әсіресе өңдеу өнеркәсібіне салынған инвестициялардың ұзақ мерзімді әсері жоғары болатынын айтады. Себебі мұндай жобалар тек өнім шығарып қана қоймай, жаңа технология, кадр даярлау және қосымша бизнес тізбегін қалыптастырады. Мамандардың сөзінше, қазіргі жағдайда импорт алмастыруға бағытталған кәсіпорындарды іске қосу маңызды қадамдардың бірі. Өйткені құрылыс материалдары, фармацевтика және тұрмыстық өнімдер өндірісінің дамуы ішкі нарықтағы тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, инвестициялық жобалардың тұрақты жүзеге асуы үшін инженерлік инфрақұрылым, көлік логистикасы және білікті мамандар даярлау мәселесіне ерекше назар аудару қажет екенін айтады. Себебі зауыт салу бір бөлек, оны тұрақты әрі тиімді жұмыс істету мүлде басқа әңгіме. Адамзат кейде лентаны қиып ашылған нысанды экономикалық жеңіс деп ойлайды, бірақ негізгі нәтиже өндіріс толық қуатта жұмыс істегенде ғана көрінеді.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,  
«Заң газеті»

ТАЛҚЫ

Мұғалімдер енді оқушыға тек сабақ кезінде ғана жауапты болады. Депутаттар артық жауапкершіліктен босататын заңды қабылдады. Қазақстанда педагог мәртебесін күшейтуге бағытталған ауқымды заң жобасы Мәжілісте екінші оқылымда қабылданды. Құжат мұғалімдерді артық жүктемеден қорғап, білім беру, денсаулық сақтау және бала құқықтарын қорғау салаларындағы бірқатар нормаларды өзгертеді.

ланған медициналық білім беру моделіне көшу ұсынылып отыр. Ол 6 жыл оқу мен 1 жыл толыққанды интернатурадан өтуді көздейді. Мұндай жүйе түлектерге оқу аяқталған соң бірден медициналық практикамен айналысу құқығын береді. Сонымен қатар денсаулық сақтау нысандарын салу және

# ЗАҢ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІН ӨЗГЕРТЕДІ



Заң жобасын таныстырған Мәжіліс депутаты Жанарбек Әшімжан құжат Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жүктеген міндеттер аясында әзірленгенін айтты.

Депутаттың сөзінше, заңның негізгі өзегі – педагог мәртебесін нақты қорғау. Енді педагогтердің білім алушылар алдындағы жауапкершілігі тек оқу процесі барысында ғана айқындалады. Бұл мұғалімді өзіне тән емес функциялардан қорғайды, – деді ол. Сонымен қатар заңда мұғалімдердің бір есепті қағаз және электронды форматта қатар тапсыруына заңнамалық деңгейде тыйым салынды. Мәжіліс мұны «цифрлық бюрократиямен» күрес деп бағалап отыр.

Құжат аясында орта білім беру ұйымдарында ұялы құрылғыларды пайдаланудың бірыңғай қағидалары бекітілді. Депутаттардың пікірінше, бұл оқушылардың назарын білімге аударып, кибербуллингтің алдын алуға көмектеседі. Сондай-ақ ата-аналардың баланың өмірі, денсаулығы мен қауіпсіздігіне қатысты жауапкершілігі күшейтілді. Заңда тәрбие беру ісі мектеп пен отбасының ортақ міндеті екені нақты көрсетілген. Жаңа нормаларға сәйкес халықаралық кәсіби шеберлік байқауларының жеңімпаздарына жоғары оқу орындарына конкурстан тыс грант беру қарастырылған. Ал педагогикалық және медициналық мамандықтарға түсетін талапкерлерге қойылатын талаптар қатаңдатылады. Депутаттар бұл қадам білім мен медицина саласына ең мықты жастарды тартуға бағытталғанын атап өтті.

Мектеп психологы Эльмира Қасымбекқызының пікірінше, жаңа заң педагогтерге түсетін психологиялық қысымды азайтуы мүмкін.

«Соңғы жылдары мұғалімдерге тек білім беру емес, оқушының тәртібі мен мектептен тыс жағдайларына дейін жауапкершілік жүктеліп кетті. Бұл көп педагогтің эмоционалды күйіне әсер етті. Сондықтан жауапкершілік аясын нақтылау маңызды шешім деп ойлаймын», – дейді маман.

ҚАЗАҚСТАНҒА ШЕТЕЛДІК УНИВЕРСИТЕТТЕР КЕЛЕДІ  
Заң жобасында Қазақстан аумағында жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының жұмыс істеуіне қолайлы құқықтық режим енгізілді. Алайда мұндай филиалдар мемлекеттік білім стандарттары сақталған жағдайда ғана ашылады.

педагогтерге түсетін психологиялық қысымды азайтуы мүмкін.

«Соңғы жылдары мұғалімдерге тек білім беру емес, оқушының тәртібі мен мектептен тыс жағдайларына дейін жауапкершілік жүктеліп кетті. Бұл көп педагогтің эмоционалды күйіне әсер етті. Сондықтан жауапкершілік аясын нақтылау маңызды шешім деп ойлаймын», – дейді маман.

Оның айтуынша, мектептерде телефон қолдануға қатысты шектеулер де оқушылардың сабаққа назарын арттыруға көмектесуі мүмкін.

«Қазіргі балалардың зейіні әлеуметтік желі мен гаджеттерге жиі бөлінеді. Белгілі бір деңгейде шектеу енгізу оқу процесінің сапасына оң әсер етуі ықтимал», – деді психолог.

МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ӨЗГЕРЕДІ

Құжаттың жеке блогы медицина саласына арналған. Енді интеграция-

Аружан МАУЛЕНБАЙ,  
«Заң газеті»

ЖАСЫЛ ЕЛ

# ТАЗАЛЫҚ САҚТАМАҒАНДАРҒА АЙЫППҰЛ ҚОМАҚТЫ

Алматы облысында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында қоғамдық орындардың тазалығы мен тәртібін сақтауға бағытталған шаралар күшейтілді. Бақылау рейдтер барысында ғана емес, әлеуметтік желілерді мониторингтеу арқылы да жүргізілуде. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Алматы облыстық Қоғамдық қауіпсіздік басқармасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі Рахым Толоқұлов мәлімдеді, – деп хабарлайды Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ділерін жою жұмыстары күшейтілген режимде жалғасын табады.

«Таза Қазақстан» бағдарламасы қоғамда тазалық мәдениетін қалыптастыруға әсер етіп келеді. Мамандардың айтуынша, соңғы уақытта қоғамдық орындарды күтіп ұстауға, көшелер мен аулалардың тазалығына тұрғындардың назар аударуы артқан. Әсіресе әлеуметтік желілерде заңсыз қоқыс орындарын жариялау мен тұрғындардың белсенді шағымдары көбейгені байқалады. Бұл халықтың қоршаған орта мәселесіне бей-жай қарамайтынын көрсетеді.

Жыл басынан бері өңірде 10 мыңнан астам әкімшілік құқық бұзушылық анықталған. Оның ішінде 239 дерек қоғамдық орындарды ластаумен байланысты болса, 9 878 жағдай аумақтарды абаттандыру қағидаларын бұзу бойынша тіркелген. Полиция мәліметінше, құқық бұзушыларға 10 млн теңгеден астам айыппұл салынған, оның шамамен 6 млн теңгесі өндірілген.

«Таза Қазақстан» бағдарламасы іске қосылған 2024 жылдың сәуір айынан бері облыста қоғамдық орындарды ластауға қатысты 4 866 құқық бұзушылық және абаттандыру қағидаларын бұзудың 46 300 фактісі тіркелген. Екі жыл ішінде салынған айыппұлдардың жалпы сомасы 169 млн теңгеден асты.

«Қазіргі таңда жұмыс рейдтер арқылы ғана жүргізілмейді. Біз әкімдікпен және қоғам белсенділерімен бірлесіп, әлеуметтік желілерге күн сайын мониторинг жүргіземіз. Заңсыз қоқыс төгу деректерін анықтап, жедел әрекет етудеміз. Жыл басынан бері интернет мониторингі арқылы 24 рұқсатсыз қоқыс үйіндісі анықталды. Жалпы бағдарлама басталғалы әлеуметтік желілер арқылы 82 заңсыз қоқыс төгу

орны анықталып, оның 65-і жойылды. Анықталған барлық деректер бойынша материалдар тиісті шара қабылдау үшін Экология департаментіне жолданады», – деді Рахым Толоқұлов.

Бақылауды күшейту мақсатында өңірде полиция, табиғатты қорғау органдары, еріктілер, қоғам белсенділері, бюджеттік ұйымдар мен бизнес өкілдерінің қатысуымен 30 мобилді топ құрылған. Рейдтік іс-шараларға 338 адам тартылған, оның 313-і – полиция қызметкерлері.

Жыл басынан бері 350 рейд өткізілді. Заң талаптарын бұзғандарды анықтау және рұқсатсыз қоқыс үйін-

Мамандар экологиялық мәдениетті қалыптастыру ұзақ уақытты қажет ететінін айтады. Себебі қоғамдық тазалық тек айыппұл немесе бақылаумен емес, тұрғындардың күнделікті дағдысы мен жауапкершілігі арқылы орнығады. Адамдардың қоқысты жәшікке тастауды үйренбей жатып, «неге қала лас?» деп ренжулері де біраздан бері дағдыға айналып кеткендей.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,  
«Заң газеті»



## 31 МАМЫР - САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

# ЖАППАЙ ЖАЗАЛАУ НАУҚАНЫНЫҢ ЖЕТІСУДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУ МЕХАНИЗМІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әсіресе, 1916 жылғы Жаркент уезіне қарасты 16 болыстың өкілдері бас қосқан жиын ақ патша жарлығына мойынсұнбай билік орындарына қарсы шығуға шешім қабылдауы көтерілістің қанмен басылудына алып келді. Жетісудің 94 болысы бүліншілікке ұшырап, 5373 үй өртеліп, 1905 адам өлді, 684 адам жараланды, 1105 адам тұтқынға алынды. Жетісу халқының төрттен бір бөлігі, шамамен 300 000 адам Қытай жеріне паналау үшін босып кетті. Жетісу облысына қарасты Алматы, Жаркент, Пішпек, Прежевальск уездеріндегі 44 болыста тұратын 47 мың 759 түтіннің 40 мың 250-і Қытай асқан. Бір ғана Верный уезіндегі Қызылбөрік болысындағы 1129 отбасының 263-нен басқасы Шыңжаңның Құлжа аумағына ауып кеткен.

Партиялық тазарту науқанында Жетісудағы ұлттық партия-кеңес қызметкерлерінің көпшілігінің дерлік өмірбаянындағы маңызды оқиға ретінде – 1916 жылғы көтеріліс аталады. 1930 жылы Қарқара аудандық саяси сауаттандыру бөлімінің меңгерушісі ретінде партиялық тазарту бойынша арнайы комиссия талқысынан өткен Қапез Байғабылов туралы партиялық тазарту комиссиясының хаттамасында: «Байғабылов Қапез – аудандық саяси сауаттандыру бөлімінің меңгерушісі. 1896 жылы туған. Орташаның жаңауынан шыққан. 1916 жылы Қытайға қашқан. Шекарадан өтіп, сонда қалған. 1920 жылға дейін жалдамалы кәсіпті атқарған. 1920 жылы оқуға барған. Екі жыл оқып, арнайы атак алған. Әлі күнге дейін оқиды. Әлеуметтік жағдайы 30 қойы бар», – делінген.

Тазарту комиссиясына мүшелерінің Қ. Байғабылұлына қойған басқа сұрақтары да болған. Мәселен: «Сұрақ: мәдени сауаттандыру қалай жүріп жатыр? Жауап: мәдени сауаттандыру жоспары орындалған. Сұрақ: Бесжылдық барысында қанша бала оқуға керек? Жауап: барлығы 100 пайыз. Сұрақ: (Сіз) байлармен оқыдыңыз ба? Жауап: Тоғызбұлақта ... мен оқуға қабылданғандар олар (байлар) шығарылған. Сұрақ: қазір ауданда неге «Степная газета» шығарылмайды (таралмайды)? Жауап: ауыл қызметкерлерінің жетімсіздігі және енжарлық (себебінен)» – деген сұрақ-жауапты қамтыған. Тазарту комиссиясы жиналысындағы пікірталаста Қарқара ауданындағы алғашқы мұғалімдердің бірі Б.Момбекбеков сөз алып, Қапез Байғабылұлы туралы жақсы пікір білдіріп, оны жігерлі қызметкер ретінде бағалаған.

Комиссия хаттамаларында осында істері қаралған Қарқара ауданының жергілікті партия-кеңес органдары, мекеме қызметкерлеріне қатысты бірқатар деректер қамтылады. Атап айтқанда, Қарқара аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған Динасылов Өркенбайдың жарлы табынан шыққаны көрсетіледі. 1918–1920 жылдар аралығында жергілікті байларға жалданған. 1920 жылы комсомол ұйымына кіріп, Жаркентке оқуға барған. Біршама уақыттан кейін Алматыдағы институтқа түсіп, 6 жыл білім алған. 1929 жылдан партия мүшесі. Ақтоғай болыстық атқарукомында комсомол нұсқаушысы болып қызмет атқарған. Тазарту комиссиясында ісі қаралардан бұрын біршама уақыт Қордай аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған. Кегенде жауапты қызметтер атқарғандардың арасында 39 жасар Мұсабеков Нұрғалымның аудандық жер басқармасының меңгерушісі екені, кедей-батырақ табынан шыққаны көрсетілген. Ол 1916 жылы ескінен айырылып, «тірі қалу үшін» Қытайға өткен. 1922 жылы КСРО-ға оралып, Кетпен ауылында тұрған. 1927 жылы «Ленин қабылдауы» науқаны кезінде ЖР(б)П құрамына мүшелікке өткен. 1927 жылы 2-Батыршы



болыстық атқаруком ұйымдастырылған кезде оның төрағалығына сайланған. Тазарту комиссиясында Өркенбай Динасыловқа: «Комотряд жұмыстарына ат бермегені үшін кедей шаруаға оқ атып, жаралағаныңыз рас па?» – деген сұрақ қойылған. Өскенбай Динасылов бұл сұраққа: «Комотрядтың шұғыл тапсырмасымен түнімен жүрген болатынбыз. Аттарымыз болдырған соң ауыстыруға ат кездестіріп, ауыстырмақ болып едім, аттың иесі шулап қарсылық көрсетті. Біз кетіп қалдық, ешқандай оқ атқан жоқпыз», – деп ақталған. Тазарту комиссиясынан 1 Тоғызбұлақ ауылдық кеңесінің мүшесі Сейдахмет Тәнекеев те өткен.

1930 жылы партиялық тазарту бойынша «тазартудан өтті» деген қорытынды алғандардың бұдан кейінгі өмірі күштеп ұжымдастыру, жаппай босқыншылық, аштық оқиғаларымен астаысып жатты. КСРО ауқымында жолға қойылған жаппай қуғын-сүргіннің шыңы 1937 жылға дөп келгені белгілі. Кеңестік орталық билік республикаларға жаулардан тазарту жұмыстарының қалай өтуі керектігі туралы тиісті түсініктемелер жіберіп отырған. 1937 жылдың 2 шілдесінде Иосиф Сталин қол қойған БК(б)П ОК қаулысына сай жазалануға жататын адамдарды алдын ала есепке алу туралы нұсқау жіберілді. КСРО-ның барлық облыстарынан түскен мәліметтерді ПХК халкомы Николай Ежов жинақтаған. 1937 жылдың 20 шілдесі күні БК(б)П Алматы обкомының 1-хатшысы Жанайдар Сәдуақасов облыс бойынша 305 адам атылатыны, 818 адам айдауға жіберілетіні туралы шифрлі жеделхат жолдаған. Жаппай жазалаудың тоқтаусыз легі 1937 жылдың 30 шілдесінде Н. Ежов қол қойған №00447 бұйрық бойынша күшейіп кетті. Осы бұйрық бойынша үдеген жаппай репрессия Алматы облысын да қамтыды.

1937 жылдың тамызында ПХК Алматы облысы бойынша басқармасының бастығы Үзейір Шабанбековке мемлекеттік қауіпсіздік аға майоры Цесарский жолдаған №00447 бұйрық бойынша түсініктеме беріліп, әрбір тұтқындалғандарға жүргізілуге тиіс тергеу ісінің үлгісін жолдаған. Сонымен қатар 5 күн сайын әрбір облыстық бөлімше ПХК 8-бөлімшесіне тұтқындалғандар мен сотталғандардың саны туралы шифрлы-телеграмма жіберіп тұруға міндеттенді. Әрбір ай сайын басталған айдың 3-күнінен кешіктірмей сотталғандар туралы жедел ақпарат жіберілуіне тиіс болды.

Қапез Байғабылұлының іс материалын зерделегенде оның басына қара бұлт 1937 жылдың 17 желтоқсанында үйрілгенін көруге болады. Осы күні ПХК Кеген аудандық бөлімшесінің бастығы С. Әзізов Қапез Байғабылұлының ҚК 58-10, 58-11-баптарымен айыптап тұтқынға алу туралы қаулы шығарған. Қапез Байғабылұлының тергеуді мемлекеттік қауіпсіздік қызметінің кіші лейтенанты, ПХК Кеген аудандық бөлімшесінің бастығы Сәбит Акрамұлы Әзізов жүргізген. Мәліметтерде С.Әзізовтың 1905 жылдың 5 желтоқсанын-

98 адамды құраса, шекаралық аудандарда жаппай жазалау ауқымы екі есеге дейін көп болған.

1938 жылдың 28 тамызындағы ПХК Алматы облысы бойынша басқармасы бастығы Үзейір Шабанбековтың баянхатында Алматы облысында «контрреволюциялық ұйымдар мен шетелдік барлау тыңшыларын» әшкерелеу бойынша 29 әртүрлі ұйымнан 3274 адам тұтқындалғаны көрсетілген. Қазақ ұлтшылдары ұйымының Алматы облысындағы филиалына О.Жандосов жетекшілік еткен деп айыпталды. Бұл ұйымға қатысты деп 18 филиал жойылған. Филиалдар арасында ҚК(б)П Кеген аупартком хатшысы Ғ.Сұлтанғалиев бастаған 33 адам тұтқындалғаны көрсетілді.

1933–1938 жылдар аралығында Қазақстанда Оңтүстік Қазақстан обкомының бірінші хатшысы, ҚК(б)П ОК бөлім меңгерушісі, Қазақ АКСР ХКК төрағасының орынбасары қызметтерінде болған, өзі де репрессияға ұшыраған В.Лазерев өз естелігінде: «Қазақстандағы репрессиялар ең алдымен ұлтшыл деп айыпталған қазақтардан басталды» – деп көрсетеді. В.Лазерев естелігінде Л.Мирзоз

*1937 жылдың 2 шілдесінде Иосиф Сталин қол қойған БК(б)П ОК қаулысына сай жазалануға жататын адамдардың алдын ала есепке алу туралы нұсқау жіберілді. КСРО-ның барлық облыстарынан түскен мәліметтерді ПХК халкомы Николай Ежов жинақтаған. 1937 жылдың 20 шілдесі күні БК(б)П Алматы обкомының 1-хатшысы Жанайдар Сәдуақасов облыс бойынша 305 адам атылатыны, 818 адам айдауға жіберілетіні туралы шифрлі жеделхат жолдаған. Жаппай жазалаудың тоқтаусыз легі 1937 жылдың 30 шілдесінде Н. Ежов қол қойған №00447 бұйрық бойынша күшейіп кетті. Осы бұйрық бойынша үдеген жаппай репрессия Алматы облысын да қамтыды.*

да Қызылорда облысы Сырдария ауданында туғаны көрсетілген. С.Әзізов 1936 жылдың 7 сәуірінен Қазақ ССР ПХК Кеген аудандық бөлімі бастығы қызметіне кіріскен.

1937 жылдың 25 желтоқсанында С.Әзізов қол қойған Қ.Байғабылұлының айыптау қорытындысы ПХК Алматы облысы бойынша басқармасы үштігіне жолданып, сол күні, 25 желтоқсанда оны 10 жылға түзету лагеріне қамау туралы қаулы қабылданған. Деректерге қарағанда С.Әзізов репрессиядан аман қалып, екінші дүниежүзілік соғысқа 334 атыштар дивизиясы 908 артиллериялық полкі взвод басқармасы командирі ретінде қатысқан, 1945 жылдың 25 наурызында Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған.

1937 жылдың 9 шілдесінде БК(б)П ОК Саяси бюросы бекіткен ПХК үштігінің құрамы ПХК басқармасының бастығы У.Шабанбеков, БК(б)П Алматы обкомы хатшысы Ж. Сәдуақасов және Алматы облыстық атқаруком төрағасы Т.Кужанов бекітілді. Осы жылдың 2 қарашасындағы ОК Саяси бюросы бекіткен «Ерекше үштіктер жетекшілері» тізімінде Алматы облысы бойынша үштік құрамына өзгеріс енгізіліп, жетекшісі ретінде Қазақ АКСР ПХК халком орынбасары П.Володько бекітілген. Ал 19 қараша күні ҚК(б)П ОК бюросы БК(б)П ОК Саяси бюросы 17 қарашадағы шешімге сәйкес, кенеске қарсы элементтерді ұстау мәшһерін көбейтіп, Алматы облысынан 1 категория бойынша 300 адам, 2 категория бойынша 500 адам репрессиялауды бекіткен. 1938 жылдың 15 қаңтарында Қазақ ССР ПХК халкомы орынбасары П.Володько № 00447 бұйрық бойынша жаппай жазалау операциясының 1937 жылғы қорытындысында республика бойынша кулактар, контрреволюциялық элементтер және қылмыскерлердің 1 категориясына жататын 9500 адам, 2 категорияға тән 13804 адам, жалпы саны 22 804 адам тұтқындалып, үштіктер арқылы сотталғаны хабарлаған.

П.Володько Алматы облысының шекаралық Жаркент, Мақаншы, Нарынкол аудандары бойынша әрбір шекара ауданына шаққанда 170 адамның тұтқындалып сотталғанын көрсеткен. Қазақстан аумағындағы барлық ауданға шаққандағы орташа сотталғандар саны

янын Қазақстандағы ПХК халкомы Л.Залиннен тұтқындармен кездестіруді табандап сұрағанын баяндайды. Біраз уақыт жауап бермей жүрген ПХК бастышы ақыры бірнеше тұтқынды ҚК(б)П ОК 1-хатшысымен кездестірген. Қазақ АКСР Халкомкесен төрағасының орынбасары болған Жанайдар Сәдуақасов Леон Мирзоянды көріп жылап жіберген. «Леон, тергеу кезінде ұрады, ұйықтатпайды, өзімізге өзіміздің және басқаларға жала жабуға мәжбүрлейді» – деген. Ж.Сәдуақасовтың басқа сөз айтуына мұрша бермей, алып кеткен.

ПХК баяндамасында «қазақ ұлтшылдарының» Кеген ауданындағы филиалы деп танылған тұтқындалғандар тобын басқарды деген айып ҚК(б)П Кеген аупартком хатшысы Ғайнула Сұлтанғалиевке тағылды. 1899 жылы Орал облысы, Жәнібек ауданы Мұратсай ауылында дүниеге келген Ғ.Сұлтанғалиев 1936–1938 жылдар аралығына ҚК(б)П Кеген аупартком хатшысы болып қызмет атқарып, 1938 жылдың 23 мамырында тұтқындалған. 1939 жылдың ақпанында «қылмыстың құрамы дәлелденбегені үшін» бостандыққа шыққан.

Алматы облысындағы жаппай жазалау науқанының қалай жүргізілгені туралы мәліметтер ҚР Орталық мемлекеттік архивіндегі № 2371 – Закуан Исмагиловтың жеке тектік қорында таң қаларлық жағдайда сақталып қалған. 1939 жылдың басында Қазақстанға арнайы ерекше өкілеттігі бар КСРО ПХК жедел тобы облыстардағы тергеу барысын тексеруге жіберілді. Ғылыми әдебиетте бұл комиссияның қызметі туралы ешбір дерек кездеспейді. Жоғарыда көрсеткеніміздей, таң қаларлық жағдайда құпия құжаттар Закуан Исмагиловтың архивінде сақталып қалған. Башқұртстанның тұрғыны Закуан Исмагилов соғыстан кейін Алматыға келіп, білім алып, ішкі істер министрлігі аппаратында қызмет атқарған. Орталық мемлекеттік архивтегі З.Исмагиловтың жеке тектік № 2371 қорының № 102 (39 парақ), 103 (86 парақ) жоғарыдағы Л.Берия Қазақстанға жіберген тергеу ісін тексеру комиссиясының құжаттары топтастырылған. Белгілі тарихшы Илияс Қозыбаев ҚРОМА қорларында сақталған бұл құжаттарға сапалы деректемелік тапуды жасаған.

КСРО ПХК тергеу бөлімі бастығы-

ның көмекшісі, мемлекеттік қауіпсіздік майоры В.Какучая, КСРО ПХК ерекше тергеу басқармасы бастығының көмекшісі М.Медведев, И.Солдатовтардың 1939 жылдың наурыз айында КСРО ПХК Л.Берияның атына дайындалған анықтамасында Қазақстандағы жаппай жазалау науқанының механизміне қатысты құнды деректер берілген. Анықтамда Қазақстан өңіріне тұтқынға алу үшін категориялар бойынша шекті сан түсірілгені көрсетілген. Тыңшылар мен террорлық әрекет үшін тұтқынға алу және «мойындату» туралы бұйрық берілген. Бұл бұйрықтар ПХК-нен Л.Залин, С.Реденс, П.Володько және облыстық ПХК басқармалары бастықтары арқылы берілді. Тыңшы, террористер істері қолдан жасалып, мойындау көрсетілімдері заңсыз жолдармен ұрып-соғу арқылы алынды. Камералық арандату жүргізіліп, арнайы агенттер қуа ретінде пайдаланылып, сонымен олардың өздері 1-категориядағы халық жауларына жатқызылып, үштіктер арқылы сотталды.

Қазақстандағы «жаппай жазалау» науқанын ПХК халық комиссары П.Володько бұрынғы халком С.Реденс сияқты Қазақстан К(б)П ОК хатшысы Н.Скворцова жіберілетін жеделхаттарды да бақылауға алды. ПХК қызметкерлеріне партия ОК-мен қарым-қатынас жасауға тыйым салды. Бұл үшін Л.Мирзоянның тұтқындалуын үлгі ретінде ұстады. Москвадан жендеттердің өздерін тексеруге арнайы жіберілген осы десант П.Володьконың өзін тұтқындаған, ол аштық жариялаған күйде Москваға жіберілген.

Осы анықтамда Алматы облысында репрессияның жүргізілу механизмі туралы «тергеу жұмысындағы бұрмалаушылықтар, тізім бойынша конвейерді қолдану арқылы жаппай тұтқынға алу, тергеу жүргізудің басқа да әдістері қолданылғаны» баяндалған. Алматы облыстық ПХК бастығы қызметіне 1937 жылдың желтоқсанынан кіріскен А.Шабановтың бұйрығымен тұтқындарға қарсы заңсыз тергеу әдістері қолданылды. Ол тәсілдер «конвейер», «трансформатор» тәсілі – табуреткаға отырғызу арқылы, дауыс күшейткіш арқылы құлаққа айқайлау, тұтқындарды суық су құю және ұру қолданылды. Камераларда Саттаров есімді арандатушы арқылы арандату жұмысы жүргізілді. Осындай жасанды істер бойынша Алматы облысында Дзержинский аупарткомы 2-хатшысы Р.Шыңғысов, Талдықорған аупартком хатшысы Ғ.Ізбасаров, мектеп директоры А.Гроза, дәрігер А.Петровский ешқандай дәлелсіз тұтқындалып, оларға қарсы тергеудің заңсыз әдістері қолданылған. Тұтқындалғандардың кейбіреуі ауыр азаптауға шыдамай жындыланып кеткен фактілер болған. Алматы қалалық өнеркәсіп сауда мекемесінің директоры И.Туркин талан-таражға салу айыбымен тұтқындалып, 18 күнге созылған «сындыруға» шыдамай, психикалық ауытқушылыққа ұшырап, жүйке аурулары ауруханасына жатқызылған.

1933–1938 жылдар аралығында ПХК Алматы облыстық басқармасы бастығы қызметін атқарған Үзейір Шабанбеков (1902–1942) Жетісуда жаппай жазалау науқанының өрістеуіне арнайы үштік төрағасы ретінде қатысты. Бірыңғай сценарий бойынша орындаушының өзі 1937 жылдың 14 қазанында қызметінен шеттетіліп, партия қатарынан шығарылған. Екі жылдан кейін әскери трибуналдың шешімімен 10 жылға сотталған Ү.Шабанбеков лагерде қайтыс болған. 1937 жылдың желтоқсан айынан 1939 жылдың наурызы аралығында ПХК Алматы облыстық басқармасы бастығы қызметін А.Шабанов атқарды.

Қазақстанға жіберілген КСРО ПХК арнайы комиссиясы қорытындысында облыстық үштіктердің істерді қарау кезінде кінәсіз қолқозшылар, мамандар, партия-кеңес активі қызметкерлері, КСРО ПХК жанынан үштіктердің үкімін қайта қарап, лагерьдегі кінәсіз сотталғандарды босату ұсынылды.

Әрине, Л.Берияның пәрменімен келіп Қазақстанда жұмыс істеген комиссияның «репрессияны тоқтату» әрекеті тазарту науқанын толық тоқтату емес, уақытша әрі жарымжан бастама болатын. Жаппай тазарту бұдан кейін де жалғасып, КСРО екінші дүниежүзілік соғыс кеністігіне тартылғандар кейін жаппай жазалау тіпті үдеп кетті.

**Еркін СТАМШАЛОВ,**  
PhD доктор, Жетісу облысының  
М.Тынышбайұлы атындағы  
тарихи-өлкетану музейінің  
аға ғылыми қызметкері

ҚАЙРАТКЕР

# «АДАМҒА ТАБЫН, ЖЕР ЕНДІ...»

Қазақтың ақыны, қоғам қайраткері, жазушы, лингвист, ғалым – Олжас Сүлейменовтың туғанына 90 жыл.



Қазақ әдебиеті мен руханиятында өзіндік орны бар тұлғалардың бірі – Олжас Сүлейменов. Ол тек ақын ғана емес, сонымен қатар қоғам қайраткері, зерттеуші ғалым, лингвист және халқымыздың мәдениеті мен тарихына үлкен үлес қосқан азамат. Оның шығармалары қазақ әдебиетін жана деңгейге көтеріп, ұлттық ой-сана мен рухани құндылықтардың дамуына әсер етті. Биыл көрнекті қаламгердің туғанына 90 жыл толып отыр. Бұл – қазақ халқы үшін маңызды мерейтойлардың бірі.

Олжас Сүлейменов 1936 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. Жастайынан әдебиетке, тарихқа және тіл біліміне қызығушылық танытқан. Ол Қазақ мемлекеттік университетінде білім алып, кейін Мәскеудегі әдебиет институтында оқуын жалғастырған. Оның шығармашылық жолы поэзиядан басталды. Алғашқы өлеңдерінің өзінен

ерекше ойлау қабілеті мен терең философиялық көзқарасы байқалатыны анық.

Ақынның поэзиясында адам тағдыры, уақыт, тарих, қоғам мәселелері кеңінен көрініс тапқан екен. Оның өлеңдері терең мағыналы әрі ұлттық рухқа толы. Олжас Сүлейменов қазақ поэзиясына жана леп әкелген ақындардың бірі болды. Әсіресе, оның «Адамға табын, Жер енді» поэмасы үлкен танымалдыққа ие болды. Бұл шығарма алғаш ғарышқа адам ұшқан кезеңдегі тарихи оқиғаман байланысты жазылған. Ақын адамзаттың ғылым мен білім арқылы дамуын, бейбітшілікті және болашаққа деген сенімді жырлаған.

Олжас Сүлейменов тек әдебиет саласында ғана емес, қоғам өмірінде де белсенді қызмет атқарған. Ол көптеген қоғамдық жұмыстарға қатысып, ел мүддесіне байланысты мәселелерді көтерді. Әсіресе, Семей ядролық по-

лигонын жабуға бағытталған «Невада – Семей» антиядролық қозғалысын ұйымдастыруы оның ел алдындағы үлкен еңбектерінің бірі болып саналады. Бұл қозғалыс арқылы әлемге ядролық сынақтардың адам өміріне қаншалықты зиян келтіретінін көрсетті. Оның бастамасын көптеген мемлекеттер қолдады. Нәтижесінде Семей полигоны жабылып, бұл тарихи оқиға тәуелсіз Қазақстан тарихындағы маңызды жетістіктердің біріне айналды.

Сонымен қатар Олжас Сүлейменов – белгілі лингвист ғалым болды. Ол түркі халықтарының тарихын, тілін зерттеп, көптеген ғылыми еңбектер жазды. Ақынның «Аз и Я» атты еңбегі қоғамда үлкен пікірталас тудырған. Бұл кітапта автор түркі мәдениетінің терең тарихы бар екенін дәлелдеуге тырысқан. Оның зерттеулері сол кезеңде ерекше көзқарас ретінде қабылданған. Кейбір адамдар бұл еңбекті қолдаса, енді біреулері сынға алды. Дегенмен уақыт өте келе бұл еңбек ғылыми тұрғыдан маңызды жұмыстардың бірі ретінде бағаланды.

Олжас Сүлейменовтің шығармашылығы тек Қазақстанда ғана емес, шетелдерде де жоғары бағаланған болатын. Оның өлеңдері көптеген тілдерге аударылды. Ақын халықаралық деңгейде қазақ халқының мәдениетін танытуға үлкен үлес қосқаны анық. Сонымен бірге ол дипломатиялық қызметтер де атқарып, еліміздің беделін көтеруге еңбек етті.

Қазіргі жастар үшін Олжас Сүлейменовтің өмір жолы – үлкен өнеге. Себебі ол білім мен өнерді қатар алып жүріп, халқы үшін қызмет етудің үлгісін көрсетті. Оның шығармаларынан елге деген сүйіспеншілік, адамзатқа деген жанашырлық және рухани тереңдік байқалады. Ақын әрдайым халықтың бірлігі мен бейбіт өмірді қолдады. Сондықтан оның еңбектері бүгінгі күні де өз маңызын жоғалтқан жоқ.

Олжас Сүлейменов – қазақ халқының мақтанышы. Ол поэзия, ғылым және қоғам саласында өшпес із қалдырған тұлға. Биылғы 90 жылдық мерейтойы – ақын еңбегін дәріптеп, кейінгі ұрпаққа танытудың маңызды кезеңі. Осындай ұлы тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын білу – әрбір жас ұрпақтың міндеті деп ойлаймын.

Қ.ӘБДІХАЛЫҚОВ,  
Ақтөбе қаласы  
№3 сотының төрағасы

АЙМАҚ-АҚПАРАТ

Аймақта алғаш рет жел электр станциясы салынады. Маңызды жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңартылатын энергия көздерінің үлесін арттыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылады. Бүгін қуаты 50 МВт болатын энергетикалық нысанның құрылыс алаңында уақыт капсуласын салу рәсімі өтті.

## ЖЕЛ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ САЛЫНАДЫ

Оған аймақ басшысы Нариман Төреғалиев, қытайлық инвестор қатысты. Жел электр станциясын салу үшін 140 га жер телімі берілген. Аукцион нәтижесінде маңызды жобаны қолға алған «GREEN ENERGY INDUSTRIAL COMPANY CENTRAL ASIA» ЖШС директоры Гао Венкенің айтуынша, инвестиция көлемі – 21 млрд теңге. 8 ай бұрын аумақта анометр орнатылған. Метеорологиялық

құрылысның көмегімен анықталған желдің жылдамдығы станцияның қалыпты жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Жоба өңір экономикасының дамуына серпін беріп, инвестициялық тартымдылықты арттырады. Жаңа жұмыс орындары ашылады. Құрылыс осы айда басталып, келесі жылы толық аяқталады. Кепілдік мерзімі – 20 жыл. 5 адам тұрақты, 50 адам маусымдық жұмыспен қамтылады. Облыс әкімі

Нариман Төреғалиев энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары жүйелі жалғасатынын жеткізді. Жуырда Жәнібек ауданының Өнеге ауылында гибриді электр станциясының құрылысы басталады.

Жоба нәтижесінде өңір импортқа тәуелділіктен арылады. Кейінгі 3 жылдың өзінде облысты энергиямен жабдықтауға 44 млрд теңгеден астам қаржы бағытталса, биыл 20 млрд теңге бөлінді. 2029 жылға қарай электр желілерінің тозу деңгейін 11 пайызға төмендету жоспарланып отыр.

Батыс Қазақстан облысы әкімінің баспасөз қызметі

## МӘДЕНИЕТ ҮЙІ БОЙ КӨТЕРУДЕ

Аймақ басшысы Мақаншы ауданының Көктерек ауылында салынып жатқан 150 орындық мәдениет үйінің құрылысымен танысты. Нысан құрылысы биыл басталған. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстарының 90 пайызы орындалған. Ғимараттың жалпы ауданы 909,37 шаршы метрді құрайды.

Мәдениет үйінде 150 орындық көрермен залы мен 50 оқырманға арналған кітапхана қарастырылған. Сондай-ақ жаңа клуб ғимаратында ауыл әкімдігі, пошта бөлімшесі және учаскелік полиция пунктін орналастыру көзделген. Бұл тұрғындарға бірнеше әлеуметтік қызметті бір жерден алуға мүмкіндік береді.

Аталған ауылдық округте осы уақытқа дейін мәдениет нысаны болмаған. Жаңа нысан елді мекеннің мәдени тынысын кеңейтіп, өнер мен шығармашылықты дамытуға серпін бермек.

Облыс әкімі ауыл тұрғындары үшін аса қажет нысанның

құрылысын уақытында аяқтап, пайдалануға беру қажеттігін айтты.

«Жаңа ғимарат құтты болсын. Мәдени ошақтар тек Көктерек ауылында ғана емес, облыстың басқа да шағын елді мекендерінде салынып жатыр. Мәселен, Бородулиха ауданындағы Новопокровка мен Камышенка ауылдарында жана ауылдық клубтар бой көтерді. Бұл – ауыл тұрғындарының мәдени өмірін жандандыруға бағытталған. Сонымен қатар Көктерек ауылында жеті көшеге асфальт төселеді. Ауыл толықтай интернет желісімен қамтылған. Алдағы уақытта да ауылдардың инфрақұрылымын жақсарту жұмыстары кезең-кезеңімен жалғасатын болады», – деді Берік Уәли.

Сондай-ақ облыс әкімі ауыл ақсақалдарымен бірге мәдениет үйі алдына ағаш отырғызды.

Жалпы, Мақаншы ауданында екі аудандық мәдениет үйі және алты ауылдық клуб жұмыс істейді.

Е.КЕБЕКБАЙ  
АБАЙ ОБЛЫСЫ

БАСҚОСУ

Алматы қаласы Орталықтандырылған кітапхана жүйесіне қарасты Құлболды кітапханасында «Конституция – тұрақтылық пен дамудың кепілі» атты ақпараттық-құқықтық сағат ұйымдастырылды.

## АТА ЗАҢ – ЕЛ ТІРЕГІ

Іс-шараның басты мақсаты – жастарға Ата Заңымыздың маңызын түсіндіру, құқықтық сауаттылықты арттыру, заңды құрметтеуге тәрбиелеу және азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру. Шараға №188 мектеп-гимназиясының оқушылары, ұстаздар мен арнайы шақырылған қонақтар қатысты. Шара Мемлекеттік Әнұранмен басталып, қатысушылар елге деген құрмет пен патриоттық сезімдерін білдірді. Кездесу барысында Конституцияның қоғам өміріндегі орны, азаматтардың құқықтары мен міндеттері, заң үстемдігі мен ел тұрақтылығы туралы кеңінен әңгіме қозғалды.

Жаңа Конституция жобасының 15 наурызда жалпыхалықтық референдуммен қабылданғаны, нәтижесінде бұл күн Конституция күні болып белгіленгені және оның І шілдеден бастап күшіне енетіні айтылды.

Қатысушыларға Конституцияның Қазақстанды демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырғаны түсіндірілді. Ата Заңда адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылық ретінде танылғаны ерекше атап өтілді. Сонымен қатар, білім алу, еңбек ету, денсаулық сақтау, сөз бостандығы, демалу және заң алдында тең болу сияқты азаматтардың негізгі құқықтары жөнінде ақпарат берілді. Азаматтардың міндеттері де кеңінен түсіндірілді. Атап айтқанда, Конституция мен заңдарды сақтау, өзге адамдардың құқықтарын құрметтеу, Отанды қорғау, салық төлеу, табиғатты аялау және мемлекеттік рәміздерді құрметтеу әр азаматтың қасиетті борышы екені түсіндірілді.

Кездесуге арнайы шақырылған заңгер, «Тарбағатай» заң кеңесшілері палатасының мүшесі Гүлзина Амантаева, Наурызбай ауданы Ауған соғысы ардагерлері төрағасының орынбасары Әділ Сауранбеков жастармен еркін пікір алмасып, құқықтық мәдениетті қалыптастыру жөнінде маңызды ойларымен бөлісті. Қонақтар қазіргі қоғамда интернет қауіпсіздігі, кибербуллинг, алаяқтық және қоғамдық тәртіп мәселелерінің жиі кездесетінін айтып, жастарды сақ болуға шақырды.

Оқушылар құқықтық тақырыптар бойынша өздерін толғандырған сауалдарын қойды. Әсіресе жасөспірімдердің жауапкершілігі, әлеуметтік желідегі құқық бұзушылықтар, кибербуллинг және азаматтардың өз құқықтарын қорғау жолдары туралы сұрақтар қойылды. Заң мамандары нақты мысалдар келтіре отырып, жан-жақты түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, қатысушыларға құқықтық жағдаяттар ұсынылып, оларды заң тұрғысынан шешу жолдары қарастырылды. Әлеуметтік желіде біреуді қорлау, қоғамдық тәртіпті бұзу, жеке суреттерді рұқсатсыз тарату сияқты жағдайлар бойынша пікірлер айтылып, заң талаптарына сәйкес түсіндірулер берілді. Бұл өз кезегінде жастардың құқықтық ойлау қабілетін арттырып, заңға деген құрметін нығайта түсті.



Шара барысында оқушыларға құқықтық викторина ұйымдастырылып, қатысушылар Конституцияның қабылданған күні, мемлекеттік тіл, азаматтардың құқықтары мен міндеттері туралы сұрақтарға жауап берді. Белсенділік танытқан оқушылар мадақталып, олардың құқықтық білімге қызығушылығы жоғары екені байқалды. Сондай-ақ «Ата Заң – ел тірегі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, көрмеге ҚР Конституциясы, кітаптар мен мерзімді басылымдар қойылып таныстырылды.

Іс-шара соңында қатысушылар Конституция – ел тұрақтылығы мен дамуының кепілі екеніне тағы бір мәрте көз жеткізді. Жастар заңды құрметтеу, құқықтық сауаттылықты арттыру және ел болашағына жауапкершілікпен қарау – әр азаматтың басты міндеті екенін түсінді. Танымдық әрі тағлымды өткен ақпараттық-құқықтық сағат қатысушыларға ерекше әсер қалдырды.

Гүлнәз ҚҰДЫСПЕКОВА,  
Алматы қаласы Орталықтандырылған  
кітапхана жүйесінің қызметкері

ЭТИКА НОРМАЛАРЫ

## ӘДЕПТІЛІК – ІШКІ МӘДЕНИЕТ КӨРІНІСІ

Мемлекеттік қызмет – қоғам алдындағы аса жауапты қызметтің бірі. Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігімен қатар, олардың әдебі мен мінез-құлқы да қарым-қатынаста сыпайылық пен мәдениеттілікті сақтауынан көрініс тұрады. Әдептілік тек сыртқы мінез-құлық емес, ол – ішкі мәдениеттің, кәсіби этиканың көрінісі.

Кез келген жағдайда, ең алдымен, мемлекеттік қызметші заңдылықты сақтауы тиіс. Ол заң талаптарын бұзбай, әділ шешім қабылдауға міндетті. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру – мемлекеттік қызмет әдебінің негізгі қағидаларының бірі болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілер үшін халықпен дұрыс қарым-қатынас орнату өте маңызды рөл атқарады. Азаматтарды тыңдай білу, олардың мәселесіне түсіністікпен қарау, дөрекілікке жол бермеу – әрбір қызметкердің міндеті. Әдепті қызметкер қоғамның сеніміне ие болады, ал сенім – мемлекеттік қызметтің тиімділігінің негізі. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметші

өз қызметтік жағдайын жеке мүддесіне пайдаланбауы керек. Қызметтік этика талаптарын сақтау, әріптестермен сыйластықта болу, жұмыс орнында тәртіп пен жауапкершілікті ұстану – кәсіби мәдениеттің маңызды бөлігі екенін ұмытпаған жөн.

Қорытындылай келе, мемлекеттік қызметшілердің әдебі – бұл қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін қалыптастыратын негізгі факторлардың бірі. Әдепті, адал және жауапты қызметші – мемлекеттің дамуына үлес қосатын тұлға.

К. ТУМЕНОВА,  
Жәнібек аудандық сот  
әкімшісінің бас маманы  
сот отырысының хатшысы  
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

## ҚҰЛАҚҚАҒЫС

# ДЕТЕКТИВ ШЫҒАРМАЛАР БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСЫҢЫЗ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы биыл тоғызыншы рет детектив шығармалар байқауын жариялап отыр.

### Биылғы байқаудың талаптары:

Техникалық талап: Мәтін Microsoft Word редакторында терілуі тиіс, көрпі – Times New Roman, кегль – 14, жоларалық интервал – 1, бас-аяғы 1-5 беттен аспағаны абзал.

Сондай-ақ байқауға қатысушылар көмегімен қазақ детективінде бірегей ізкесушінің бейнесін қалыптастыруды мақсат етіп келе жатқанымызға биыл үшінші жыл.

Еске сала кетсек, ағылшын жазушысы Артур Конан Дойлдың қаламынан туған Шерлок Холмс – әдеби персонаж. Жазушы қиялының жемісі саналатын осы ізкесушіні әлем халқы таниды, жақсы көреді. Содан болар, Шерлок Холмсқа деген құрмет жоғары. 1990 жылы Лондоннан ашылған музей-үйі – сөзіміздің нақты дәлелі.

Бүгінде бұл музейге келушілерде есеп жоқ. Қысы-жазы кезек арылмайтын музейде жазушы шығармасындағы персонаждармен қауышып, әр оқиғаның ішінде жүргендей хал кешесіз. Артур Конан Дойлдың кереметтігі осында. Ол ағылшын детективін дамытуға сүбелі үлес қосып

кана қоймай, Шерлок Холмс бейнесі арқылы ағылшын ізкесушілерінің мықтылығын, даралығын дәлелдеді. Сөз құдіретінің арқасында қиялдан туған кейіпкерінің көмегімен елінің танымал болуына ықпал етіп отыр. Ендеше, қазақтың өз ізкесушісінің образын қалыптастыруға не кедергі? Мұндай айтулы тұлғаны қаламның күші, қиялдың ұшқырлығымен жасайтын – Сіз бен біз!

### Құрметті байқауға қатысушылар!

Ішкі істер министрлігінің білікті мамандарымен ақылдаса отырып, сіздерге ұсынғалы отырған бірегей ізкесушінің бейнесі төмендегідей:

### Тергеушінің /жедел уәкілдің/ сипаттамасы:

Қайсенов Абылай Әзімханұлы.  
\* Жасы: 35-50 аралығында;  
\* Қалалық ІІБ Тергеу бөлімінің басшысы, шені – полковник.  
\* Жоғары білімді, арнайы оқу орнын аяқтаған /бірге оқыған достарымен әрдайым хабарласып тұрады/.

\* Орта денелі, бойы 170-180 см, салмағы 83 кг.

\* Жас кезінде спортпен кәсіби түрде шұғылданған /күрес түрлерінен спорт шеберіне үміткер; осының арқасында елде ғана емес, шет мемлекеттерде де спортшы таныстары көп. Спортпен әлі күнге тұрақты айналысып тұрады. ПМ қызметкерлері арасында өткізілетін турнирлердің жеңімпазы;/

\* Отбасылы: 2 ұл, 1 қызы бар. /Жұбайы – Айша, мамандығы – дәрігер. Үлкен ұлы Медғат ІТ саласында қызмет етеді, жеке кәсіпкер. Екінші ұлы Қасым – ЖОО студент. Қызы Еркеназ – орта мектептің 9-сынып оқушысы.

\* Ата-анасы Астана қаласында тұрады, екеуі де зейнеткер /олармен, туыстарымен, достарымен байланысты үзбейді/;

\* Жұмыста қатал, бір істі қолға алса, нәтиже шығармай тынбайды; мәселені қазбалап, бүге-шігесіне дейін зерттеп, мән-жайды анықтауды әдет қылған.

\* Уәдеге берік, тік мінезді, алайда әр істі ақылға салып, аналитика жасап шешім қабылдауды жөн санайды;

\* Жауапкершілігі жоғары, кәсіби шебер маман ретінде кейде басқа өңірлерге іссапарға шығып тұрады /жедел тергеу тобы құрамында күрделі істерді тергеу үшін/;

\* Адамдармен қарым-қатынаста сыпайы, ортада өзін ұстай біледі, үлкен-кіші демей барлығына құрметпен қарайды. Қиналған адамға көмектесуге, қол ұшын созуға дайын тұрады.

\* Атыс қаруын жақсы меңгерген.

\* Бос уақытында балық аулағанды жақсы көреді /қармақпен/. Отбасымен табиғат аясына шығып демалғанды ұнатады;

\* Салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты мықты ұстанады, жөн-жосықты жақсы біледі;

\* Криминалистика бойынша үнемі оқып, ізденеді.

\* Адал, жемқорлыққа жаны қас.

Бұл – біз ұсынып отырған кейіпкердің жалпы сипаттамасы. Ал, бас кейіпкердің қасиетін әрі қарай даралау, қандай қылмысты аштырып, қандай жұмбақты шештіру, ең бастысы, ізкесушіден жағымды бейне қалыптастыру – сіздің қиялыңыз бен шеберлігіңізге байланысты. Еркіндікке шек қойылмайды.

\*\*\*

Байқаудың үздік шығармалары жинақталып кітап болып шығады. Осыған орай авторлардан өзі туралы толық мәліметті берумен бірге, шығармасын жинаққа қосу туралы рұқсатты жаз-баша рәсімдеп жолдау талап етіледі.

### Оның мәтіні төмендегідей:

### ҚОЛХАТ

Мен \_\_\_\_\_

«Заң» Медиа-корпорациясы» ЖШС бастама-сымен өтетін детектив байқауына қатыса отырып, конкурста жолдаған ..... атты шығарманың авторлық құқықын «Заң» Медиа-корпорациясы» ЖШС-не беремін. Ұйымдастырушылар шығарманды баспасөз бетінде, интернет сайттар мен әлеуметтік желіде менің рұқсатсыз жариялап, жинаққа енгізе алады және басқа да мақсаттарға пайдалануға құқылы. Болашақта менің тарапымнан ешқандай талап, шағым, наразылық болмайды.

Аты-жөні, қолы, датасы

Қосымша сұрақтарыңыз бен шығарманың зangazet@mail.ru электрондық поштасына «Байқауға!» деген белгімен жолдай аласыз!

**Байланыс телефоны: 87011220940**

## ЖАРНАМА

### Баспасөз – 2026

## Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

### Жазылу индекстері:

## «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

## ТАРАТУ

3. «IT Sales» ЖШС (БСН 170240009471) өзінің ерікті түрде таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Алматы ауданы, Жанайдар Жирентаев көшесі, 10-үй, 50-пәтер.

4. «ЛУКОЙЛ Казахстан Апстрим» ЖШС Атырау қаласы филиалы (БСН 190541029494) серіктестіктің жалғыз акционерінің 2026 жылғы 7 мамырдағы шешімімен өз қызметін ерікті түрде тоқтата-тынын хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Атырау қаласы, 060000, Азаттық даңғылы, 48. Тел. 8 (7122) 716190.

9. «Lucky Star Car» ЖШС (БСН 230740041762) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылданады: Алматы қаласы, Алатау ауданы, Солтүстік айналым көшесі, 90-үй, индекс 050000. Тел. +7 701 822 2258.

10. «Vanilla Coffee Shop (Ванилла Кофе Шоп)» ЖШС (БСН 181240011604) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 65/76-үй, 48-кеңсе. Тел. 8779371861.

## МҰРАГЕРЛІК

5. 18.11.2019 ж. қайтыс болған Әміров Серікбай Сәрсенбекұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

8. 09.03.2021 ж. қайтыс болған Сугенова Назарқұлдың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

## ӘРТҮРЛІ

6. «Minerals Operating» ЖШС (бұдан әрі – «Серіктестік») (БСН 181140023496), және Minerals Operating Ltd. ЖШ (бұдан әрі – «Компания») (БСН 200140900031), Серіктестікті Компанияға қосу жолымен олардың қайта ұйымдастырылатыны туралы бірлесіп хабарлайды. Көрсетілген мәселе бойынша талап-тілектер мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/21, 164-кеңсе. Тел. +7 701 520 71 18.

7. «3А-БэстГрупп» АҚ (БСН 090340012832) 2003 жылғы 13 мамырдағы №415 «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 10-бабына сәйкес, жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшерге дейін — 216 250 000 (екі жүз он алты миллион екі жүз елу мың) теңгеге азайтылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Кенесары көшесі, 40-үй, «7 Континент» БО, 1902-кеңсе. Тел. 8 775 833 20 07. Эл. пошта: fretoneic@mail.ru.

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7121) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинвич ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158А, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС дирек-тор: Кривонова Татьяна Ивановна Шымкент

қаласы, Г. Иляева көшесі, 47, РБК банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar\_reklama@gmail.com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемераша көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.:  
8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,  
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99  
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60,  
509-кеңсе. e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-  
info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақто-  
қын 45 көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz,  
Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/  
WhatsApp +7 708 027 4270  
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.  
infogazet.kz

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек  
Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

**БАЙҚАУҒА**

(Соңы. Басы өткен сандарда)

Полковниктің есіне Гүлнәрмен оңаша тілдескен сәті түсті. Сол кезде ол әлеуметтік желі арқылы жазатындардың жеткілікті екенін, арасында ұнағандары да болғанын, бір жігітпен ұзақ сөйлесіп жүргенін айтқан-ды. Бірақ оның кездесуге құлық танытпағаны, бертінге дейін жазып жүріп, жоқ болып кеткені бекер болмады ғой.

Аккаунттағы жігіт жеке парақшасына жымиып тұрған суретін орналас-тырыпты. Есім-сойы Ержан Алмасханов екен. Жасы 30-35 жас аралығында. Бірақ туған жылын көрсетпеген. Оны тик-токка тіркелген нөмірі арқылы білді. 31 жастағы Еламан Сабырбеков деген азамат. Алматы облысында дүниеге келген. Үйленбеген. Мектеп бітірген соң оқымаған. Отарда әскери борышын өтеп келген соң, ресми жұмыс істемеген. Бұрын сотталмаған.

Бұл жайтты Гүлнәрге айтудың қажеті жоқ. Өйткені толық дәлел жоқ. Болжам ғана.

Кешкісін үйіне барған соң Абылай ұлы Медғатпен тағы ақылдасты.

– Балам, өткенде сенің айтуың бойынша жәбірленушілермен байланыс орнатқан, хат алмасқан аккаунттар тексерілді. Біреуі бойынша күдік бар.

– Айттым ғой, пап. Енді не істемек ойыңыз бар?

– Ол содан кейін тик-токка тіркелген нөмірімен ешкіммен сөйлеспеген. Тик-токка да бірнеше суретінен басқа ештеңе жүктемеген. Суреттерінде қымбат көліктің жанында тұр, дизайны көркем кеңседе креслода отыр. Шетелде саяхаттап жүр.

– Демек, ол сол арқылы қолайлы келіншектерді қармағына түсіріп отырған. Менің ойымша оған бейтаныс аккаунт арқылы хат жазу қажет. Бәлкім өзі құрған қармақты өзі қауып қалар.

– Кімнің жазғаны дұрыс?

– Мүлдем бейтаныс нөмірге, жалған аккаунт құрып, тик-токка бір бүркеншек келіншектің атынан тіркеліп, суреттерін жүктеңіздер. Өмірде жолы болған, ештеңеге мұқтаж емес адамның образын қалыптастырған жөн.

– Түсіндім. Сенің интернет маманы болып оқығаныңның пайдасы тигенін қарашы.

– Пап, ол тіптен күрделі емес. Қазір жас балалар да білетін оңай механизм.

– Соны қаншама жыл тергеу бөлімінде істеген мен білмей отырмын ғой, – деп Абылай желкесін қасыған болып күлді. Ұлы әкесіне көмектескеніне шын қуанығанын білдіріп, алақанын тос-ты. Әкесі де Медғаттың алақанын өз алақанымен сарт еткізіп, баласын мейірлене құшағына қысты.

Жұмысқа барған бойда басқарманың байланыс бөлімінде істейтін жігіттерді жинап, тапсырма берген. Олар да мәселенің мән-жайын бірден түсініп, жымқыр ете қалысты. Сосын ешқашан қолданылмаған смартфонға белгісіз нөмір салып, оған тик-ток құрылғысын жүктеп, Жәмиля Жұмағұлова деген ойдан шығарылған есім қойып аккаунт жасады. Енді сурет қажет. Ол мәселе де жылдам шешімін тапқан. Басқармада Ішкі істер министрлігіне қарасты Семей заң колледжін тәмамдап келген Алуа деген жаңа қызметкер жұмыс істей бастаған-ды. Өзі қарасаң көзің тоятын көрікті, қасы-көзі қап-қара, ашаң жүзді, ұзын бойлы қыз. Соны шақырып, шұғыл-ізвестіру шараларына көмегі қажет екенін айтты. Алуа да қарсыласқан жоқ.

– Онда мен инстаграмдағы өз аккаунтымадағы суреттерімді өшіріп тастайын. Атым емес, суреттерім ғана керек емес пе? Тик-токка тіркелмегенмін, – деді.

– Жарайсың! Полициядағы қызметкерлердің бәрі қызметіне сен сияқты жанашырлықпен қарағаны дұрыс. Артымызда сенімді ізбасарлар өсіп ке-



**ҚАРМАҚ**

леді екен. Күдікті қармаққа іліккен соң, суреттерін де, аккаунтты да жоямыз.

– Келістік, жолдас полковник.

Абылай басқармадағы заттай ай-ғақтар сақталатын бөлмеден, Алуаға келеді-ау деген киімдер мен бағалы, бренд дүниелерді алдыртты. Криминалистердің бөлімінде істейтін фотографты шақырып құпия қызметкерді әртүрлі образда суретке түсіртті. Со-сын гаражда қамауда тұрған қымбат бір көліктің руліне отырғызып та әдемі сурет жасатты.

Гүлнәр Өмірғалиеваның да аккаунтын қарап шыққан. Ол да алтын саудасымен айналысатын ата-анасының арқасында жақсы киініп, дүниенің біраз түкпірін аралағаны көрініп тұр. Парақшасында түрлі сурет бар. Абылай мырс етіп күлген. Ақшаны бос шаша бермей, үйіне бейнекамера орнатып, күзет агенттігімен келісімшарт жасап қоймай ма одан да.

Бәрі дайын болғасын, байланыс бөліміндегі қызметкер смартфонды Абылайдың қолына ұстатты.

Абылай аккаунтты ашып, Ержан Алмасхановқа не деп жазарын ойла-нып отырып қалды. Ойында күдіктіні тезірек қармаққа ілу ғана. Іштей бұл операцияны «Қармақ» деп атауды ұй-ғарған. Ұлы Медғат қандай ақылды. Өзі құрған қармақты өзі қауып қалар дегені естен кете ме.

Содан ойдан шығарылған статист Жәмиляның атынан Ержанға алғашқы хабарлама жөнелтілді.

– Қайырлы күн! Менің есімім Жәмиля. Сіз де жақында Египетте болған екенсіз. Дәл мен сияқты саяхаттағанды ұнататын сияқтысыз.

Қармақ тасталды. Енді күту керек. Абылай жазуын жазып алғанымен, тыпшырып бір орында байыз тауып отыра алмай кетті.

Байланыс бөліміндегі жігіттер жәбірленуші Гүлнәр мен күдікті Ержанның өзара жазысқан хабарламаларын алдыртқан. Олар да дереу шығарып берді. Бастапқыда күмән тудыратын ештеңе байқалмаған сияқты еді. Қарапайым ғана хат алмасу. Сәлем, жасың нешеде, Түркияға қашан барып едің дегеннен аспайды. Сосын тереңдей түскен. Кіммен тұратынын, тіпті руына дейін немқұрайлы сұрағандай болған. Шын көңілі бар адамның кейін жасаған. Гүлнәрдің анасымен ғана тұратынын, әкесінің қайтыс болғанын, күйеуге тимегенін, баласынын, оны айтасыз ауласында итінің бар-жоғын да анықтапты. Ақыры қандай кәсіппен айналысатынын, Астананың қай ауданында тұратынын біліпті. Жақында Астанаға келетінін, кездесіп, дұрыстап әңгімелесуді қалайтынын жазды. Гүлнәрдың да ойында дәнеме болмай, өзін зерттеп отырған адамға тұрмыс-тір-шілігін жайып салыпты. Тіпті гүл жі-

беремін дегенге иланып мекенжайын жазып жіберген.

Бүркеншек Жәмиляның атынан хат жолдаған Абылайға Ержан сол күні жауап бермеді. Екі күннен кейін тұн ауа жауап келді.

– Сәлем, сұлу қыз. Иә. Мен жалпы саяхатқа жиі шығамын.

«Қармаққа ілінді» деп ойлады полковник. Осы істі өзі емес, сержантқа тапсыруға болар еді. Алайда күдіктіні үркітіп алмай, абайлап, асықпай қи-мылдау қажет.

– Тамаша. Астана күздің кезінде тым суренсіз күйге еніп, көңіл-күйімді түсіреді. Сол себепті жұмысты реттеп, шет елге шығып кетуге тырысамын.

– Шетелге жалғыз шықпай, сенімді серікке ере барған дұрыс. Студенсіз бе, әлде жұмыс істейсіз бе?

– Оқуымды бітіргем. Қазір жеке кәсіппен айналысамын. Өзімнің бутиг-гін бар. Мені ерте кететін серік жоқ.

– Мен де жеке кәсіпкермін. Бастыққа елендеп, жұмысқа ерте барып, кеш қайтатындарды түсінбеймін. Серік қажет болса жүрміз ғой.

– Сіз қай қалада тұрасыз?

– Мен Алматыданмын. Астанаға іскерлік кездесулермен жиі барып тұрамын. Жақын танысуға келіссеңіз, келесі бір барғанымда кездесіп шай ішелік.

– Ойланып көру керек екен. Мен сізді мүлдем танымаймын ғой. Шақыр-ғанда шауып баратын қыздардың қатарынан емеспін.

– Өз еркіңіз. Өзіңіз ай десе – аузы бар, күн десе – көзі бар сұлу екенсіз.

– Қайдам. Жігіттердің бәрі бір-бірінің аузына түкіріп қойғандай көркем сөзге шешен. Іске келгенде жауапкершіліктен қашып кетеді.

– Біз ондайлардың қатарынан емеспіз. Сөзіме сенбесеңіз өзіңіз білесіз.

Абылайдың ойы сан-сақты шар-лайды. Күдіктімен Жәмиля болып хат жазысуы етінде психологиялық кітаптардан оқығаны да септігін тигізіп жатқанын сезеді. Өзге де қат-қабат істердің арасында біреумен қыз болып сөйлесуге осынша төзім керек екен-ау. Жұмыс уақыты аяқталған соң да осыған ұқсас бұрын жабылған істерді парактайды. Желкесі бүріп ауырсын-ды. Шаршағанын білмей жүре беру-ді қою керек. Айша да өзінді күтші, ұйқыңды дұрыста деп ренжігені есіне түсті. Таңда жүгіріп жүрсе де, шай ішіп отырса да ойынан күдіктімен арадағы әңгіме шықпайды. Өзі бірінші жазбай-ды. Көбіне байланысқа Ержан шығады. Звондамайды, демек дауысын естігенін қаламаса керек. Хат алмасып жүргендеріне бір айдан аса уақыт өтіп кетіпті. Өйткені қолындағы жаңа смартфонға тик-ток құрылғысы жүктелген. Вирту-алды достарының арасында сонымен ғана жазысады. Қолдан жасаған акка-унтқа сол желіде отырған көптеген жі-

гіт жазады. Алайда бірде біріне жауап бермейді. Ержаннан хабарлама түссін.

– Жәмиля, қайырлы күн! Мен Аста-наға келдім. Уақытыңыз болса күндіз кездесейік. Нұрсаядағы «Наватта» күн-дізгі бірде күтеміз.

Абылай абдырап қалды. Бұл кез-десуден қашатын еді, неге кездескісі келді екен.

Мақсатты шақырып ақылдасты. Сосын Алуамен тілдесіп, күндіз әдемі киініп, «Нават» мейрамханасына ба-руы керек екенін айтты. Ержан екеуінің жазбаларын көрсетті. Алуа о баста шоршып түскен.

– Жолдас полковник, менің шаруам көп. Бастықтың тапсырмасына көміліп отырмын. Қалай барамын?

– Түк етпейді. Бұл шұғыл тапсырма. Өткенде суретке түскен киімдеріңді осы жерден аласын. Басшыға өзім түсіндіремін.

– Онымен не туралы әңгімелесем? Біліп қойса ше?

– Ешкім білмейді. Тасалау тұсқа отыр. Жазған хаттарын көрдің ғой. Сыр алдырма. Біз сырттай бақылаймыз.

Ақыры Алуа келісіп, күндізгі кез-десуге барды. Алайда екі сағат күткен қызбен кездесуге ешкім келмеді. Кеш-ке Ержан хабарлама жазды.

– Жәмиля, кешіріңіз, бүгін кездесу-ден босай алмай Алматыға ұшып кет-тім. Келесі жолы арнайы сіз үшін уақыт табамын.

– Сізге ренжідім. Өмірімде жігітті күтіп көрмеген екем. Маған ешқашан жазбаңыз!

– Құдай үшін, ренжімеңіз! Сізге деген көңілім бөлек. Болашақ жарым өзіңіз болсаңыз менен бақытты адам болмайды. Астанадағы мекенжайы-ңызды жіберіңіз. Айыбымды жуып-шаю үшін гүл шоқтарын жөнелтейін.

– Жауапсыз, құттық қоятын адам-мен өмірімді байланыстырғым келмей-ді.

Абылай күдіктінің қармаққа анық іліккенін сезді. Ол Гүлнәрге да гүл жі-беремін демеу пе еді. Бір айғақ бар. Жәмиляның да қалада жалғыз тұратынын, ата-анасы мен бауырларының Шығыс Қазақстандағы Тарбағатай ауданын мекен ететінін сөз арасында біліп алған. Ойдан шығарылған Жәмиляға гүл жі-бермек болып үйіне түспекші ғой.

Абылай дереу жиналыс өткізіп, шаһардың Сығанақ көшесіндегі ар-найы әзірленген үйде күдіктілерді қолға түсіру операциясына қамдану қажеттілігін айтты. Ол үшін Алуа сол үйде біраз уақыт тұру керек. Өйткені олар Жәмиля берген мекенжайды то-руылап, зерттеуі мүмкін.

«Қармақ» операциясы туралы ге-нералға баяндады. Алуаны уақытша жұмыстан босатып, арнайы әзірленген пәтерде тұра тұруын қамтамасыз ету керектігін де айтты. Генерал үнсіз оты-рып қалды.

– Ол қыз жұмысқа енді орналасқан. Сенімдісің бе, Қайсенов?

– Жолдас генерал, ол өжет, мықты қыз. Біздің саланың мамандарын

дайындайтын арнайы оқу орнында оқыған.

– Білемін. Семейдегі заң колледжі. Біздің министрлікке қарасты мекеме ғой. Абайлаңдар! Жас қыз жазым бо-лып жүрмесін.

– Құп болады, жолдас генерал. Жас қыз болғанда ол өзіміздің әріптес қой. Ал біз әріптестерімізді жау қолында қалдырмаймыз.

– Іске сәт, Абылай. Операция бары-сын маған жеткізіп отыр.

\*\*\*

Ержанмен хат алмасқан Жәмиля, біраз күн бұртиған болды да мекен-жайын жазып жіберді. Ол екі аралықта Сығанақ көшесінің бойында полиция арнайы операция үшін жалдаған зәулім үйдің екі бөлмелі пәтері де дайын бол-ды.

Алуа формасын шешіп, сәнді көй-легін киіп, сол пәтерден таңертен «Хан шатыр» сауда орталығына бара-ды. Кешке дейін бутик аралап, кофе ішіп, қас қарая үйге қайтады. Алуаның қауіпсіздігін сырттай бақылаған үш қызметкер үйдің ауласында және сауда үйінің ішінде қызды аңдып жүрген бір жігіттің барын көрді. Ал Абылай мен Мақсат жалдамалы пәтердің ішін-де күткен. Ержаннан келетін хабарла-маны күтті. Екі күн бойы тым-тырыс. Үшінші күні таңғы жетіге таман есік қағылды. Ояу отырған үш полицей есікке тақады. Полковник пен сержант тапаншаларын әзірледі. Абылай ар-найы топ басшысына хабарлама жазып үлгерді. Олардың «Газель» көлігі келесі үйдің ауласында елеусіз ғана тұрған. Пәтерге үш минутта жетулері тиіс.

– Бұл кім?  
– Сізге гүл беріп жіберіп еді.  
– Кім?  
– Білмеймін. Мен жай ғана тасы-малдаушымын.

– Қазір, халатымды киіп алайын.

Есікті Абылайдың өзі ашты. Бет-теріне шаңғышылардың маскасын ки-ген екі жігіттің бірі қолына гүл емес, жаландаған қанжар ұстап алыпты. Қыз-дың орнына Абылай шыға келгенде абдырап қалды. Артақ шегінетін жол жоқ болатын. Арнайы топ та жетіп үл-герген. Олар сөзге келмеді. Қап-қара спорт киімін киген екеуін сол жерде жерге жатқызып, қолдарын қайырып, кісендеді де тастады.

\*\*\*

Операция сәтті аяқталды. Басқар-маға келіп күдіктілерден кезек жауап алған полковник Қайсенов мән-жайды толық анықтады. Сол күні Абылай-дың Алматыдағы әріптестері хабарла-ма жазғыш Еламан Сабырбековты де қолға түсірді. Ол екеуі де арнайы Алматыдан келіп кетеді екен. Үйіне тығылып алып, ұсталған екеуе бағыт-бағдар сілтеп отырған өтірік Ержанның тағы да қандай қылмыстарға қатысы барын анықтау қажет.

Ал Бибіжар Мендіғалиева мен қызы Гүлнәр Өмірғалиевадан алып кеткен алтынның жартысын Алматыдағы «Көк базар» маңында жүретін сыған-дарға сатып үлгерген. Бір миллион тең-ге табылмады.

Генерал Абылайға және бөлімдегі полицейлерге алғыс айтты. Осы опе-рацияда жас та болса, маңызды рөл атқарған Алуаға гүл сыйлады.

– Қайтпас қайсар Қайсенов, жарай-сың! Бәріңді де марапатқа ұсынамын. Ал Алуаны сендердің бөлімге ауысты-ру керек шығар. Келешекте ойланамыз. Өркенің өссін!

– Қазақстан Республикасына қыз-мет етемін!

Рас. Бұл Алуа үшін де есте қалар-лық, әрі өте жауапты тапсырма бола-тын. Семей заң колледжінің жас түлегі өз міндетін мүлтіксіз атқарып шықты. Абылай жұмыстан соң күстай ұшып үй-іне бара жатты. Ертең демалыс. Таңғы жаттығудан соң отбасын алып, ата-ан-асын ертіп табиғат аясына шықпақшы. Қызы Еркеназға уәде бертелі қашан...

**Мирас МҰҚАШ**

**ЗАҢ** газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор  
**Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**  
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**  
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:  
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»  
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

**Астана** Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.  
**Алматы облысы** Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.  
**Ақтөбе облысы** Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.  
**Атырау облысы** Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.  
**Маңғыстау облысы** Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.  
**Қызылорда облысы** Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.  
**Түркістан облысы** Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.  
Шадиар Мекенбайұлы 87757335665  
**Батыс Қазақстан облысы** Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі: 8 708 929 9874, zanmedia.kz  
**E-mail: zanreklama@mail.ru**  
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 6408 дана**  
**Апталық таралым 12816 дана**  
Тапсырыс №970 Индекс 65921  
**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№916297-Г** куәлікті **2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31